алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін білетін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз», деп өз ойын ашық білдірген болатын [2]. Жаһаншаның жалынды сөзінде мемлекеттің саяси құрылысы туралы, мемлекеттік тіл, оның қолдану аясы ашық түрде айқын айтылғанын біздер ұғынуымыз қажет және ол бүгінгі күндерде өз мәнін жойған жоқ.

Алашорданың Батыс бөлімінің жетекшісі, көрнекті қайраткер – заңгер, шешен Жаһанша Досмұхамедов 1887 ж. 28 маусымда қазіргі Сырым ауданы, Бұлдырты ауылында, Тамды өзені бойында дүниеге келген. Тегі-Байұлына жататын Тана руының Қарақұнан бөлімінің – Сүйіндігі.

Әкесі Досмұхамедов Жайық өңіріне аты мәлім дәулетті, көзі ашық, көшелі кісі болған. Жаһанша ауыл молдасынан хат танып, жалдамалы Жәдид мұғалімінен мұсылманша хат таныған. Кейіннен Жымпиты қаласындағы екі кластық «приходская» мектебінде орыс тілінде оқып, сауатын ашқан. 1899 жылы Орал қаласындағы реалдық әскери училищесінің дайындық класына қабылданды. Осы реалды училищені 1905 жылдың 07 қарашасында үздік аяқтаған [3]. Бір жыл әзірлік бөлімінде оқып, 1906 жылы Москва қаласындағы император атындағы университеттің Заң факультетіне оқуға түседі. Оны 1911 жылы ойдағыдай аяқтап шығып, Орал қаласында статист қызметін атқарған. Осы жылы «Уральский листок» газетінің 3 санында «Несколько слов о киргизском праве в нарсуде» деген мақаласы жарық көреді. Бұл мақалада Жаһанша Досмұхамедов қазақ халқының өткен тарихында мемлекеттік басқару жүйесі болған, оның дәлелі Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» деп өзінің пікірін ашық көрсетеді. Бұл газет материалы цензураға күдік туғызып, Жаһанша Досмұхамедовты Орал облысынан кетуіне ықпал жасайды. Жаһанша Досмұхамедов Томск қаласында кейіннен Каинск уезі бойынша прокурордың орынбасары болып тағайындалады. Ал 1917 жылдың ақпанында осы өңірде қызмет атқарып жүрген Жаһанша Досмұхамедов Ақпан төңкерілісінің жеңісін естіп, орыс патшасының тақтан құлағанын білген соң, еліне оралады және 1917 жылы 19-23 сәуір аралығында өткен Орал қазақтарының бірінші съезіне төраға болып сайланады [4]. Бұл мәлімет Батыс Қазақстан облысы мұражайының 418 қор, №320 тізбе, іс №29 алынды. (осы дерек соңғы тың мәлімет. Жаһанша Досмұхамедов жөнінде Д. Д. Сүлейменовадан алынды. Автор Г. Ж. Балжанова)

Осылайша, 1917 жылдан 1920 жылдар аралығында Орал Қазақтарының бес съезі өтеді. Бұл съездерде Қазақ комитеті құрылады, оның құрамына 20 адам сайланады. Жаһанша Досмұхамедов I және II Жалпы Қазақ съездерінің делегаты, Мәскеуде өткен I-інші Бүкілресейлік Мұсылман съезіне қатынасады, осы съезде Бүкілресейлік «Шура и ислам» комитет төрағасының орынбасары етіп, оны бірауыздан сайлаған. Осы сапарда Уақытша үкіметінің Құрылтай жиналысы жөніндегі заң жобасын әзірлейтін айрықша Кеңесіне (Предпарламент) мүше болып енді. Жаһанша Досмұхамедов 1938 жылы Мәскеу қаласында «Бутарка» түрмесінде ұлтшыл, Алаш идеясын таратушы ретіне 3 тамызда атылды. Алаш қайраткері, басшысы, ұйымдастырушысы болған Ж. Досмұхамедов арамыздан осылайша солақай саясат құрбаны болды [5].

Алаш партиясы, Алашорда үкіметін құруда оның жемісті еңбек етуіне ерекше үлес қосқан, оның басшыларының бірі болған – Халел Досмұхамедов. Х. Досмұхамедов 1883 жылы Атырау (бұрынғы Гурьев) облысының, Қызылқоға ауданының Тайсойған құмындағы Жарыпшыққан өзені бойында дүниеге келеді. Алғаш ауыл молдасынан сауатын ашқан Халел Ойыл (Көкжар) қаласындағы бір кластық орыс қырғыз (қазақ) училищесінен бастапқы білім алып, одан кейін Орал реалды училищесін 1903 жылы үздік бітіреді. Сол жылы ол Санкт-Петербург қаласындағы императорлық әскери Медицина академиясына түсіп, оны 1909 жылы үздік бітіреді. Оқуды бітірген соң, ол сол жылы Пермь губерниясына қарасты Чердынъ уезіндегі Морчань бөлімшесінде және бөлімшенің қабылдау бөлімінде екі бірдей жұмысты атқарады. Сол 1909 жылдың аяғында Халел Досмұхамедов Түркістанға оралып, сонда дәрігер болып 1910 жылдың сәуіріне дейін істейді. Оралға ауысып, Орал казак-орыстарын емдейтін Ілбішін, Қалмыков камалдарындағы ауруханада алғаш кіші дәрігер, кейін аға дәрігер болып қызмет атқарады. Сондай-ақ Халел 1918-19 жылдары мемлекеттік саяси құрылым ретінде өмір сүрген «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі қызмет жүйесінің негізін салған адамдардың бірі. Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар құрылтайына Қазақстаннан үш делегат сайланғанда, соның бірі Халел Досмұхамедов болды. 1917 жылы 5-13 желтоқсан арасында Орынборда өткен екінші жалпы қазақ съезінде Халел Досмұхамедов бастан аяқ төрағалық еткен. Алашорда тапсырмасымен Жаһанша екеуі 1918 жылы РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В. И. Ленинмен және Ұлт істері жөніндегі Халық

Комиссары И. В. Сталинмен Алашорда және Кеңес үкіметінің арақатынасына байланысты келіссөздер жүргізді. Халел Досмұхамедов азамат соғысы жылдарында Алаш қозғалысының бір орталыққа бағынған біртұтас қызметін жүргізу қиын болған кезінде Жымпиты қаласында өткен Орал қазақтарының төртінші съезінде Мәскеуде өткен кездесу жайлы баяндап, жиын шешімі бойынша «Ойыл уәлаятының» Уақытша үкіметін құрады. Сөйтіп саяси күреске түгелдей берілген Халел Досмұхамедов Алашорданың өзге қайраткерлерімен бірге Алаш партиясы жұмысына, Алаш автономиясын жариялау ісіне, Алашорда үкіметін құруға белсене қатынаса отырып, оның басшыларының бірі болды.

1920 жылдан бастап Алаш қозғалысына Кеңес үкіметі тыйым салуына байланысты Халел Досмұхамедовтің білім, ғылымға бағышталған қызметі басталады. Ол 1920-25 жылдары Ташкенттегі Орта Азия университетінде ординатор, Түркістан Автономиялық Республикасы Орталық атқару комитеті жанындағы Қырғыз-Қазақ білім комиссиясының төрағасы қызметін атқарады. 1926 жылы қазіргі Абай атындағы (Бұрынғы ҚазПИ) Алматы педагогикалық университетін құру жөніндегі комиссияның төрағасы болып, Қазақстандағы 1928 жылы құрылған тұңғыш оқу орнының проректоры болып тағайындалады. Проректорлық қызметпен қоса, ұстаз ретінде профессорлық (1929 жылы) қызметті де атқарады. 1930 жылы Алашордаға қатысқаны үшін Халел Досмұхамедовке саяси айып тағылып, жұмысынан босатылып, Воронеж қаласына жер аударылады. Сөйтіп, Халелдің қуғын-сүргінге ұшыраған кезеңі басталып, 1938 жылы 26 сәуірде тұтқынға алынып, 1939 жылы 23 сәуірде үштіктің шешімімен атылады. Халел Досмұхамедов 1958 жылы ақталғанмен, ұзақ жылдар есімі аталмай, еңбектері жарияланбай келді. Шындығында Халел қоғамдық қызметпен қоса, көптеген әр саланы қамтыған құнды ғылыми еңбектер де қалдырды. Оның медицина, биология, тарих, әдебиет тақырыбында жазған еңбектері, соның ішінде «Табиғаттану» (1922), «Жануарлар» (1922), «Адамның тән тіршілігі» (1923), «Как бороться с чумой среди населения Киргизского края» (1918 және 1925), «Оқушылардың саулығын сақтау» (1925) оқулықтары, қазақ тілі мәселесіне арналған «Қазақ-Қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» (1924), әдебиет, фольклор мәселесін қамтыған «Шернияз шешен» (1925), «Қазақ халық әдебиеті» (1928), ауыз әдебиеті мен қазақ ақындары мұрасына арналған «Мұрат ақын сөздері» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) жинақтары-тарихи мәселелерге арналған еңбектері баршылық [6]. Бұдан басқа Халел Досмұхамедов көптеген көпшілік-ғылыми, публицикалық мақалалардың авторы. Оның еңбектері бүгінде терең зерттеліп, бірнеше докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Күсепқалиев Дәулетше (Дәулетшаһ) - жоғары білімді алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, Батыс Алашорда қайраткері. Тегі төре, соның ішінде Нұралы хан тұқымы. Атасы — Нұралы-ның Орманынан туған. 1869-1870 жылы Кіші жүз қазақтарының патшалық жаңа басқару жүйесіне қарсы көтерілісін бастаған Күсепқали көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін Ахметше, Шәңгерей, Сәлімгерей, Әділгерей, Сахыпкерей, Жүсіп дейтін алты баласымен бірге Сібірдегі Екатеринослав уезіне жер аударылды. Жүсіптің баласы Дәулетшаһ Старосербск қаласында дүниеге келді. 1880 жылы тірі қалған ағаларымен бірге елге – Жайық өңіріндегі Азынабай – Тайпақ атырабына, атамекені Ақбақай жайлауына (қазіргі Қаратөбе ауданы, Саралжын ауылы маңы) оралды. Д. Күсепқалиев болыстық орыс-қазақ мектебін және Орынбор гимназиясын тәмамдады. Императорлық Мәскеу университетінің медицина факультетіне түсіп, оны 1900 жылы үздік бітірді. Кейбір деректер бойынша осы университеттің заң факультетінде қатар оқып, екі дипломды бірге алған. Сол жылы Орал облысына қарасты Ілбішін уезіндегі 2-медицина – ауылдық учаскеге дәрігер болып бекітілді, Қарағаш, Өлеңті, Жымпиты, Соналы, Қалдығайты болыстарына дәрігерлік қызмет көрсетті. 1903 жылдан Орал облысындағы Гурьев уезіне қарасты 2-учаскенің Есбол, Қарабау, Кермекас, Тайсойған және Қызылқоға болыстарына қызмет көрсететін дәрігер әрі осы учаскеде крестьянский начальник, Кермекас 1 кластық орыс-қазақ училищесінің камқоршы-попечителі. Көрнекті қазақ ақыны Шәңгерейдің ағасы Мұхамедкерей Бөкеевтің қызы Айшаға үйленді. Облыстық земство жиынының қаржысын пайдалана отырып, ауруханада жүйке сырқатына шалдыққандарды емдейтін бөлімше, перзентхана ашуға ұйытқы болды. Саратовтық эпидемиолог дәрігер Г. Кольцовпен бірге алғаш қазақ даласында обаға қарсы күресетін лаборатория ұйымдастырды, жұқпалы ауруларға қарсы егу жұмыстарын жүргізді. 1914 жылы Самара қаласында өткен облыстық обаға қарсы күрес съезіне қатысып, жан-жақты баяндама жасады. Ақпан революциясынан кейін іле-шала әлеумет жұмысына араласты. 1917 жылы 10 наурызда Жайық сырты қазақтары өкілдерінің жиналысында Ғ. Әлібековтің төрағалығымен құрылған Жайық сырты бөлігі облыс комитетіне мүшелікке сайланды және осы комитет Орал облыстық азаматтық комитетіне

Ғ. Әлібеков, Б. Қаратаевпен бірге өкіл болып кірді. Сол жылы сәуірде өткен 1-Орал облыстық Қазақ съезінде қазақ комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылы желтоқсандағы 2-Жалпықазақ съезінің делегаты, съезд хатшысы. Алаш автономиясын дереу жариялауды жақтап дауыс берді. Мамырда Жымпитыда өткен 4-Орал облыстық қазақ съезінің делегаты, съезд төрағасының орынбасары. 1918-1919 жылдары Ж. Мергенов, Ж. Досмұхамедовпен бірге «Ойыл уәлаятындағы» Алашорда үкіметі кеңесінің мүшесі болды. 1928 жылы күзде «жартылай феодал», әрі бұрынғы Алашорда қайраткері деген екі категориямен тәркіленіп, Орал округінің 113 байы қатарында Жетісу округіне жер аударылды. 1929-1934 жылдар аралығында Алматыда, республикалық венерологиялық диспансерде дәрігер, әрі Алматы ауылшаруашылық институтында оқытушы. 1934-1940 жылдар аралығында Алматы облысының, Қаскелең ауданындағы ауруханасының, Оңтүстік Қазақстан облысы Келес ауданындағы ауруханасының, Семей облысы Абай ауданындағы ауруханасының бас дәрігері. 1944 жылы соңғы қызмет еткен жерінде қайтыс болды.

Салық Омаров (т. ж. б. Орал облысы Жымпиты уезі, Өлеңті болысы, Жетікөл ауылында дүниеге келген. 1941 ж. қайтыс болған) – Батыс Алашорда қайраткері. Тегі – Байұлына жататын байбақты руының дат бөлімі. Қазақ халқының атақты биі, батыры, қоғам қайраткері Сырым Датұлының шөбересі, батырлығына коса шешен болған, сол үшін ел ішінде «қанатты Қазы» атанған полковник Қазы Сырымұлының немересі. Өз әкесі Омар да сөз ұстаған, ел ішінде ықпалды адам болған. Омаров көп жыл бойы Өлеңті болысының управителі болып сайланды. 1912 жылы сайлауда орнына орысша сауатты Әжігерей Есеналин сайланғаннан кейін сауда-кәсіпкерлік қызметпен айналысты.

1917 жылы Ақпан революциясынан соң халықтың өзін-өзі басқару құрылымын түзу кезінде ел ішіндегі көзі ашықтарға және отағасылық билік түзіліміне – «азаматына Алаштың» арқа сүйеген Ж. Досмұхамедов пен Х. Досмұхамедовтер кезінде өз бабалары – тана Малайсары би тірек болған Сырымның ұрпағы Омаровты 1917 жылы сәуірде өткен 1-Орал облыстық қазақсъезіне арнайы шақырды. Осы кезде Омаров Жайық сырты қазақтарының облыстық комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылы жазда Жымпиты уездік атқару комитетінің жаңа аумақтық межелеу саясатына қарсы шығып, бұрынғы ауылдық-болыстық аумақтық бөліністі сақтап қалуды қызу жақтады. Мұны мемлекеттік сезімі төмендеу, аламандық мінезі күштілеу келетін көшпелі тұрмыс салты ынғайында жүргізді. Кәрім Жәленов, Бақтыгерей Игіліков басқаратын уатком құрамын күшпен таратып жіберу ісінің басында тұрды. 1917 жылы жазда земстволық съезді шақыруға байланысты құрылған Жымпиты уездік ұйымдастыру комитеті құрамына кірді, уездік земство управасының төрағалығына Б. Жанкадамовты сайлауға атсалысты. 1918 жылы ақпанда Қаратөбеде өткен 3-інші Орал облыстық қазақ съезінде Жайық сырты қазақтарының бөлек бөлу ниетін қызу қолдап, Алаш әскеріне 200 ат берді. 1918 жылы сәуірде Орал облысы қазақ земство басқармасымен қазақтардың Войско үкіметі арасында қол қойылған келісімшартты қолдап, оны сол жылы Жымпитыда өткен 4-інші Орал облыс қазақ съезінде бекітуге белсене қатысты. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметіне мүше болып сайланды. Жаңа үкімет құрамында жер пайдалану мәселесіне жауап берді.

1928 жылы Орал округіндегі ірі байларды тәркілеу кезінде Омаров Салық Жетісу округіне жанұясымен жер аударылады. Шамамен 1937-1938 жылдары Жетісудан Челябинге 10 жылға жер аударылып, сонда 1941 жылы қайтыс болады. Соңында қалған ұрпағынан Шұғыл, Ғабдол-Насыр деген ұлы белгілі. Ғабдол-Насыр Орал қаласындағы медтехникумда сабақ беріп жүрген кезінде қызметтен шығарылып, 1937 жылы саяси қуғынға ұшыраған [5].

Қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуына өзіндік үлес қосқан Алаш қайраткерлерінің еңбектері ұшан теңіз. Олардың есімдері тарих бетінен өз орындарын алуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құл-Мұхамед. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы / Құл-Мұхамед – Алматы: Атамұра. – 1998.
2. Ақбаев, Ж. Жанша / Ж. Ақбаев – Орал. – 1994.
3. Батыс Қазақстан облысы мұражайының 418 қор, №320 тізбе, іс №29
4. Батыс Қазақстан облысы мұражайының 418 қор, №320 тізбе, іс №29
5. Сүлейменова, Д. Д. Алашорданың батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі / Д. Д. Сүлейменова. – Арыс. – 2007. – 136 б.

6. Сүлейменова, Д. Алаш қозғалысы: теория, тарих, тағылым / Д. Сүлейменова, Л. Серикова, Ж. Өтегенов. – Орал: Полтграфсервис. – 2009. – 288 б.



ӘОЖ: 101: 2

ДІН: ТҮСІНІК ПЕН ЫНТЫМАҚҚА АПАРАТЫН ЖОЛ

Т. Х. Рысқалиев, философия ғылымдарының докторы, профессор
В. А. Есенғалиева, философия ғылымдарының кандидаты, доцент
Г. М. Хайруллина, ізденуші

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада қазіргі ғылым мен ақпарат заманында діннің адам, қоғам өміріндегі орны мен ролі дінге жаппай бет бұрудың мәнісі туралы сөз болады.

В статье речь идет о трудных путях обращения человека к религии, о тех бесценных находках, которые ждут его на этом пути, о том, какое облагораживающее, очищающее влияние оказывает религия на него.

In this article it is spoken about difficult ways of mans addressing to religion, about those invaluable finds which wait for him on this way, about refining, cleaning influence of religion on him.

Дін дегеніміз – адам мен дүниенің, рухтың арасындағы байланысты білдіретін сана. Діни сана – адамның тылсымдық болмысын бейнелейді. Дін – қоғам өміріндегі рухани күш. Қай қоғамда да діннің алатын орны ерекше.

Діннің әлемдік деңгейдегі адамзатқа тән ойлау жүйесінен шет қалмайтындығын қазіргі заман болмысы айқын аңғартып отыр, себебі дінсіз қоғам болмайды. Дін мен қоғам бір-бірінен ажырамайтын феномендер. Діннің қызметі адамға рухани тірек болу, күнделікті күйбің – шүйбің тіршіліктің бұғауынан босату.

Дін жолына түскен адамның өмірінде түбірлі өзгерістер болуы шарт. Ол бұрынғысындай қалай болса солай өмір сүре алмайды. Ол Құдайын естен шығармайды. Қазір біздің елімізде қай дінді де ұстануға ерік берілген. Діннің адамдардың іс-әрекеттері мен сезімдеріндегі ролі айрықша, өйткені дінді пайдаланып асыра сілтеу жақсылыққа апармайды, ол адам өміріне қауіп төндіреді. Қазақстан Республикасында діни конфессияларға өздерінің қызметтерін жүзеге асыру үшін тең де тиімді жағдай жасалған және дінаралық үнқатысу үдерісі белсенді жүруде. Қазақстан, сонымен қатар, мәдениеттер мен діндердің жақындасу үдерісінің бастамашысы болып отыр.

Діннің жолы – бір басқа, ғылым жолы – бір басқа. Дін Құдай жөнінде, рух жөнінде, Құдайға құлшылық ететін адамдар жөнінде баяндайды, ал ғылым материалдық дүниедегі заттар мен құбылыстар жөнінде мағлұмат береді.

Дін – адамның қалауы. Адамды мазалайтын сұрақтар, жайттар көп болады. Кейбіреулеріне ғылым, кейбіреулеріне философия, ал кейбіреулеріне тек дін ғана жауап бере алады.

Әлемге танымал болған кейбір ғалымдар кемеліне келген шақта дінге беріліп, діннің табиғаты жөнінде көп ойланған: Паскаль, Кант, Фрейд, Эйнштейн, Вернадский, Жак Ив Кусто т.т. Күнделікті күйбең – шүйбеңмен шектелмей, рухани құндылықтар жөнінде, өмір, өлім жөнінде ойланып толғанған адам түбі дінге бет бұрады. Ағылшын философы Ф. Бэконның бір сөзі бар: «Ақылдың аздығы, философияның аздығы адамды Құдайдан алшақтатады, ақылдың көптігі, философияның көптігі, керісінше, адамды Құдайға жақындатады» – деген.

Адамдар табиғат, қоғам, адам жөнінде оқиды, зерттейді, ізденеді. Сол сияқты есті адам дін, Құдай жөнінде де ойланып толғанады. Соқыр сенім деген бар. Бұл – басқалардың немесе үйдегі тәрбиенің, дәстүрдің ықпалымен дінге жүгіну. Бұл – бір басқа. Ал дін жөнінде оқып, ізденіп діннің мәдени, моральдық қызметтерін түсініп дінге жүгіну бұл – бір басқа. Біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқанымызды естен шығармайық. Бізге діннің жайы белгілі сияқты көрінеді. Бірақ белгілі нәрселердің бәрін бірдей біз танып жатпаймыз. Белгілі ғой деп жүре береміз. Құдай нақты құбылыс емес. Ғылым ол жөнінде бізге ештеңе айта алмайды. Құдай – рухани құбылыс, идея, үлгі. Сондықтан ол – жұмбақ, күрделі, шексіз.

Абай Л. Толстойдың кітабынан Будда жөнінде, оның ілімі, діні жөнінде оқып, оған тәнті болады: «Ғұлама екен, кеш білгенім – ай» деп өкінеді. Будданың өмір – күрделі, өмір – күрес, ешнәрсе де адамға оңайлықпен келмейді, адам ойлаған мақсатына жету үшін азап шегеді – деген ойы Абайға үлкен әсер етеді. Будданың өмірге өкпелейтін жөні жоқ еді, ол – патшаның баласы ғой. Ол адам баласы үшін қам жеді. Адамдардың қалай болса солай өмір сүретінін ойлап қиналды. Осы жөнінде өз ілімінде баяндайды.

Абайда да бәрі бар еді. Атақ та, байлық та, талант та. Бірақ Абайдың өмірі де өкінішке, мұң мен зарға толы болды:

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей... немесе:
Жүрегім менің қырық жамау...
Ішім өлген, сыртым сау – дегені шындық.

Абайдың азабы халқының хал жағдайымен, надандығымен, бейқамдығымен, болашағын ойламайтынымен байланысты болды. Қай дінде де, қай кезде де дінге сенуді күшпен енгізуге тырысатын радикалдар болды, әлі де бар. Дұрысында қай дінде де зорлық жоқ. Сену, сенбеу – әркімнің өз ісі.

Қай халық та – христиан болсын, мұсылман болсын – өз қалауынша, өз дәстүріне сүйеніп өмір сүреді. Бірін-бірі күшпен, айла – амалмен, материалдық жолмен өзгертем, өз дініме көндірем деуге болмайды.

Соңғы кезде, тәуелсіздік тұсында елімізде бұрын – соңды белгісіз болып келген конфессиялар көбейді, олардың өкілдері пайда болды. Атап айтқанда: протестантизм, индуизм, исламның тармақтары. Сонымен бірге Бахаи діні, Саентология шіркеуі бірлестік шіркеуі (Мундікі), Белое братство, Церковь последнего завета т.т. Ана дінді мына дінді уағыздап, үгіттейтін миссионерлер де көбейді. Оларды шетелдер қаржыландырып та отыр. Мұндай жағдайда қандай әрекет жасауға болады? Бір жағынан, сенім еркіндігі бар. Екінші жағынан, қазіргідей күрделі жағдайда Қазақстан халқының бірлігін, ынтымағын сақтауға тырысқан саясат бар. «Тәртіп орнататын кез келді, мұндай келімсектерге біздің елде орын жоқ» – деп ойлайтындар билік басында да, мұсылмандардың діни билігінде де кездеседі. Осы дұрыс бола ма?

Адамдардың арасында орын алатын түсінбестіктің, сенбестіктің бір себебі, көбіміздің діни сауатсыздығымызда, надандығымызда. Мұндай надандар қарапайым азаматтардан бұқаралық ақпарат өкілдеріне, мемлекеттік шенеуніктерге дейін бар. Кешегі кеңестік атеистік тәрбие біздерді дінге немқұрайлы қарауға үйретті. Біз әлі сол аурудан айыға алмай келеміз. Ал надандық орын алған жерде қашанда қырғиқабақтық болады.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің тарихына үнілер болсақ, оларда қай кезде де әртүрлі ағымдар, мектептер, тармақтар болғанын білеміз. Бұған себеп болатын нәрсе:

✓біріншіден – діни ілімнің негізгі қағидалары жөнінде әртүрлі түсініктің және пікірталастың болуы;

✓екіншіден – басқа діндердің, философиялық мектептердің және саяси бағыттардың идеологиялық нұсқауларының әсері.

Осы жолдармен әуелі секталар, содан кейін олар дербес қозғалыстарға және деноминацияларға айналады, кейін солардың негізінде – конфессиялар пайда болады. Мысалы христиан діні үш тармаққа бөлінеді: католицизм, православие, протестантизм. Бізде солардың бәрі де бар. Бір кезде атақты орыс философы В. Соловьев осы үш бағытты біріктіру идеясын ұсынды. Бірақ олар әлі біріге алмай келеді.

Дүние жүзінде әр түрлі бас қосулар болып тұратыны өздеріңізге белгілі. Бұған Астанада үшінші рет өткізілген діни форумдарды жатқызуға болады. Осы ІІІ съезде сөйлеген сөзінде Елбасы қазіргі заманда алдыңғы тұрғыға рухани ізгілік бастаулардың шығуы тиіс деді.

Дәстүрлі діндердің түпкі мәні де осында. Бүкіл адамзатқа сөз арнаған Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) былай дейді: «Мен ізгіліктің тектілігін жетілдіру үшін ғана жіберілгенмін». Иисус Христостың сөзі белгілі «Егер адам бүкіл дүниеге ие болса, ал өз жанына жарақат түсірсе, одан оған не пайда бар?».

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің басын қосу туралы идеяны алғаш ұсынған Президентіміз болды. Осыған орай ол кісінің әріден және жан – жақты ойлайтынын, көрегендігін айта кету керек. Өз елімізде де күрделі мәселелер жетіп жатқанда үш-төрт күнге жан-жақтан жүздеген қонақтар шақыру, оларды күту, съезд өткізу, қыруар қаражат жұмсау – осы қадам ақтала ма? дегендер болды. Бір қарағанда, ешқандай пайда, кіріс жоқ, қып қызыл шығын сияқты болып көрінеді. Ойлап қарасақ, әлемдегі дамыған елдердіңмұндай діни форумды өткізуге шамасы келетіні белгілі. Бірақ, Америкаға, Ресейге немесе Францияға бір ел барса, бір елдің өкілдері бармауы мүмкін. Ал, біздің жердің таңдалуы ең алдымен Қазақстан халқының абыройы, беделі, бейбітшілік пен саяси тұрақтылықтың, ұлтаралық және діни түсіністіктің қазақстандық моделінің дүние жүзінде мойындалуы болды. Мұндай съезд Қазақстанда болмаса, басқа қайда болуы мүмкін? Біздер қаражат жағынан ұтылсақ та, моральдық жағынан ұттық. Назарбаев үшін елдің беделі, имиджі маңызды болды. Дүниежүзі Қазақстанды білді, Қазақстанға басқаша қарайтын болды. Шетелдік ақпарат құралдарында Қазақстан, Назарбаев жөнінде көп айтылады. Қазақстан этносаралық, дінаралық татулық жағдайында көп елдерге үлгі болды.

Ұлттар, ұлыстар, діндер арасында жер-жерде алауыздықтар қақтығыстар болып жатқаны белгілі. Қазақстанда 140 ұлт пен ұлыс және 46 конфессия өкілдері тұрады. 90-жылдары көптеген ресейлік, американдық сарапшылар болашақта Қазақстанды экономикалық, саяси дағдарыстарға қоса, зор этникалық және конфессиялық қақтығыстар, алауыздықтар күтіп тұр деп жариялаған болатын. Бұл болжам ақталмағанын қазір бүкіл әлем көріп отыр. Діндер лидерлерінің біздің елімізде бас қосуының бір себебі осында.

Марқұм Рим Папасы Иоанн Павел II-нің 2001 жылы Қазақстанға келіп кеткенін білесіздер. Ол көршілес Ресейге барған жоқ. Неге? Себебі Ресей сол кезде өз үйінде жау іздеп, өз халқымен – шешендермен – соғысып жатты. Өзбекстанға, Латвияға, Литваға барған жоқ. Бізге келді. Астанада өткен Әулие мессада Иоанн Павел II былай деп мәлімдеді: «Барлық христиандармен өзге конфессияларға сенушілерді түрлі ұлттағы және діндегі адамдар үйлесімді өмір сүріп жатқан осы қаладан, Қазақстаннан үлгі алып, зорлық зомбылықсыз әлем құруға шақырамын».

Қазіргі күні барлық адам баласы үшін ең құнды саналатын ортақ негіз – ынтымақ болуға тиіс. Егер біз діндер халық ретінде де дамығымыз келсе, онда өзара түсіністікке шақыратын осындай үнқатысуларға ұмтылып, жақсы ой мен іске жол ашуымыз керек.

Қасиетті Құранда сондай – бірлесіп өмір сүрудің жүйесі жазылған. Ислам діні ешкімді алалап бөлмейді. Сонымен бірге Құранда көп құдайға табынуға тиым салынған.

Құранда әрбір адамның дінді таңдауына ерік берілгендігі көрсетілген. Ешкімді белгілі бір дінге кіруге күштемейтіндігі, оған тыйым салынатындығы айтылған. Сонымен бірге дінге қарсылық білдіріп, діннен шығу күнә болып табылады. Бір діннен екінші бір дінді жоғары қою, оны кемсіту жанжалға ұрындырады. Белгілі бір дінге сену үшін оның мәнін, тарихын, талаптарын білу керек. Адамдар арасындағы дау – жанжалдар дейді үнді даналығы, білместіктен (авидья) туындайды. Ал келісім – білуден, білу – танудан, тану өзара сұхбаттан бастау алады. Діндер лидерлерінің сұхбаты – соның бір көрнісі. Әлемдегі этникалық діни қақтығыстарды қалай тыю керек? Діни түсіністіктің болуы отбасындағы болмаса қоғамдағы тәрбиеге байланысты.

Неміс философы Карл Ясперс Иисусты және Буданы Сократпен, Конфуциймен бірге адамзаттың ұлы ұстаздары деп атайды. Библияда, Дхаммападада тәлім тәрбиелік мәні зор даналық ойлар бар. Біз оны оқимыз, білеміз. Бірақ, олардың сөзі Құран сөздеріне, Мұхаммед пайғамбардың өсиеттеріне қайшы келмейді. Иисустың немесе Будданың сөздері біздің Алла тағалаға деген сенімімізді жоққа шығармайды. Керісінше, Құран сөздерінің құндылығына сенімімізді арттыра түседі.

Діндердің арасында айырмашылық болғанымен сол дінге сенетін адамдардың арасында діннен туатын араздық, алауыздық болуы мүмкін емес. Барлық діндер адамдар мен діндердің бейбіт, қатар өмір сүруіне үндейді. Абай айтады: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп».

Елбасының мына сөзі де бәріміздің ортақ ойымызды білдіріп тұр: «Жаратушы-жалғыз, дүние ортақ, аспан асты кең, ендеше, біз бір атаның баласы, бір ананың перзенті ретінде бір бірімізбен береке – бірлік пен ынтымақта өмір сүруіміз керек». Нұрсұлтан Әбішұлы бұл ойын әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезінде айтқан болатын.

Кейде ғылым «Құдай бар ма, жоқ па?» деп сұрақ қояды да «жоқ» – деп жауап береді. Ғылым мұндай сұрақты шеше алмайды, Құдайдың бар екенін де, жоқ екенін де ғылым дәлелдей алмайды. Бұл ғылымның құзырындағы мәселе емес.

Дінге сенетін адамға «Құдай бар ма?» деп сұрақ қоюдың өзі ерсі. Ол мұндай сұрақты түсінбейді. Адамнан тыс жерде, жануарлар дүниесінде Құдай жоқ. Құдай адамның ниетінде, сенімінде, жүрегінде. Адам жақсы болған сайын Құдайға жақындайды. Құдайға ұқсайды. Адам адам болғасын Құдайдай күдіретті қажет етеді, оған сиынады, арқа сүйейді. Бұл – білместік, надандық емес. Бұл адамның рухы биік екенін, оған оны қоршаған материалдық дүниелердің, материалдық игіліктердің жеткіліксіз болғанын көрсетеді. Библияда айтылған: « Не хлебом единым жив человек». Өте дұрыс. Адамға Құдайдай үлгі қай кезде де керек. Адам Құдайға сыйынған да ол Құдайдан нақты көмек күтпейді. Құдай оның өзіне сенімін оятады, рухын көтереді. Қандай қиындықты да адам жеңе алатынына сендіреді. Құдайға үміт арту деген сөз адамның өзіне өзі үміт артқаны. «На Бога надейся, но сам не оплошай» деген сөз бар. Қол қусырып отырма, тырбын, қамдан, қарекет қыл. Сол үшін Құдай саған күш – жігер, ақыл – ес берді. Соны ұтымды пайдалан.

Кейде адам өзіндегі осы қабілеттерді іске асырмайды, оқымайды, білмейді, үйренбейді. Платонның бір сөзі бар: «Қырсыққа тап болған адам тағдырды, құдайларды, тіпті не болса соны жазғырып жатады, тек өзін емес».

Нарық жағдайында әркім өзінің қам- қарекетіне сай өмір сүреді. Біреу бай, біреу кедей болып жатса, оған байды да, Құдайды да билікті де кінәлаудың қажеті жоқ. Бәрі адамның өзіне байланысты.

Абай: “Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуаннан неміз артық” – дейді. Бұл арада «сәуле» деп тұрғаны дүниенің, өмірдің мән жайын түсіну, ақылға сыйымды көзқарастың қалыптасуы. Мұнсыз адам адам бола ма? «Сенім» деп тұрғаны дін, иман.

Ғылым, мәдениет, техника, технология қарыштап дамыған қазіргі уақытта сенімге, дінге орын болмайтын сияқты. Бәрін де жан-жақтан ағылып жатқан информация ығыстырып шығаратын сияқты.

Жоқ, олай емес екен. Жастар дінге бет бұрып жатыр.

Бірақ дінге сену, дінмен айналысу жеңіл – желпі шешім болмауы керек. Көп ойлануды қажет етеді. Сен діннің талаптарын орындауға әзірсің ба? Сен діннің жайын, Құдайдың не екенін білесің бе? XX ғасырдың адамдары соқыр сенімге салынбауы керек.

Қазақстан бейтшілік орнатудың ізгі жолдары, елдер мен халықтар арасындағы сенімді қалыптастыру, сондай-ақ діндер арасындағы төзімділік, сыйластық жөніндегі ғаламдық мәселелерді кең ауқымда талқылауға, сындарлы шешімдер қабылдауға жетекшілік жасайтын болады. Мұндай мәселелерді ЕҚЫҰ-ның күн тәртібіне ұсынып, 56 елдің өкілдері бас қосқан мәртебелі Ұйымда талқылау үшін төрағалық ету міндеті Қазақстанға елдегі ынтымақ пен бірлікті сақтағаны үшін, 140-тан астам этнос өкілдерін бір шаңырақтың астына жинай білгендігі үшін, өзге дін өкілдеріне төзімділікпен қарағаны үшін беріліп отыр. Бұл – жас мемлекетке деген үлкен сенім.

Елбасымыз өзінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында, 2020 Стратегиялық жоспарында Ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық қауіпсіздікті арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамытуды негізгі мақсаттардың бірі ретінде қойған болатын.

Қазақ елі – мәңгілік. Руханият, оның ішінде дініміз таза болу керек. Бұл – қазақ өркениетінің кемелді көрінісі. Тәуелсіз елдердің діндері де мемлекеттің мүддесіне – бірлігі мен ынтымағын нығайтуға қызмет етуі қажет.

ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚОС ТІЛДІЛІГІ – МӘДЕНИ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

Г. Е. Сапарова, ізденуші

Ғылыми жетекші: М. С. Сәбит, философия ғылымдарының докторы, ҚЭҒА академигі, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Автор мақалада Қазақстандағы қазақ-орыс қос тілділігін сөз қыла отырып, билингвизмнің мәдени-рухани құндылық ретіндегі қырларын ашып көрсетеді. Билингвизмнің қоғамдағы рөлі мен маңыздылығына тоқталып, оның қоғам қажеттілігінен туындайтындығына және тарихи қалыптасқан процесс екендігіне талдау жасайды. Ел экономикасы мен білім саласындағы қос тілділіктің алатын орыны әсіресе, ел келешегі жастар үшін аса маңызды екендігі мақалада сөз болады.

Автор в статье рассказывает о казахско-русском двуязычии в Казахстане и раскрывает культурно-духовную ценность билингвизма. Рассматривает роль и важность билингвизма в обществе, анализирует его, как необходимость общества и процесс формируемый на основе истории. В статье говорится о важности двуязычия, которое занимает большое место в экономике независимого государства, в области образования и особенно для молодежи – будущего страны.

The author in the article tells about Kazakh-Russian bilinguistic situation in Kazakhstan and reveals cultural-spiritual value of bilinguism. He considers the role and necessity of society and process forming on the base of history. The necessity of bilinguism, which takes great place in economy of independent state, in the field of education and especially for the youth - the future of country, is spoken about in the article.

Тіл қашанда адамзаттың асыл қазынасы болып қала бермек. Өйткені тілсіз адамзат қоғамын елестету мүмкін емес. Сан алуан ұлттық мәдениеттер тарихында тілдің орны ерекше. Адамзаттың пайда болуы жөніндегі зерттеулер шындыққа саятын болса, тілдердің пайда болуы туралы нақты ғылыми деректер жоқтың қасы деуге болады. Әрқилы пікірлерден туындайтын қорытындыға сүйенсе, жүйелі сөйлеудің қалыптасуына көптеген уақыт қажет болды. Тілдердің қалыптасу процесі және этностардың бір-біріне әсері мен ықпалы нәтижесінде тілдің дамуы күшейе түсті.

Тек адамзатқа тиесілі асыл қазына тіл – адам ойлауының, руханилығының, мәдениетінің бөлінбес бір бөлшегі. Кез келген жағдайда тілсіз еш қарым-қатынастың орын алуы мүмкін емес. Э. Кассирер өз еңбегінде тілге былай баға береді: «Язык образует фокус духовного бытия, в котором сходятся лучи самого разного происхождения и из которого расходятся импульсы по всем областям духа» [1, 101]. Мұндай ғылыми тұжырым тіл философиясының ХХ ғасырда Батыста дүниеге келгені мен оның Мартин Хайдеггердің «Тіл – болмыстың үйі» еңбегінде зерттелгенін дәлелдей түскендей болады. Әрине, бұл – тіл философиясы Батыста ғана дамыды деген сөз емес. Түбі бір түркі тілдерін барынша кеңінен зерттеген Махмұд Қашқаридың зерттеуін тіл философиясына қатысы жоқ деуге болмас. Еңбек тіл философиясы хақында қазақ философиялық ойының түркілік кезеңінен сипаттама береді. Қазіргі кезде тіл философиясында өзіндік орны бар ғылымның түркітану саласында да зерттеулердің көбейіп жатқанын байқауға болады. Тіл әлемдегі ұғым мен түсініктерден құралатын күрделі процесс. Тілді әлемнің тұтастай көрінісін танытатындығы туралы ғалым Ұ. Р. Ержанова өзіндік пікір айтады: «Дүниенің тілдік көрінісі тіліміздің сөз байлығын, сөзжасамын, метафоралары мен афоризмдері, тіл және менталитет, тіл және қоғам деген мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарады» [2, 12].

Мақалаға негіз болып отырған қазіргі Қазақстан қоғамындағы өзекті мәселелердің бірі – қазақ-орыс қос тілділігі. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейінгі мемлекеттер тағдырының қалай болғанына тарих куә. Экономикалық-саяси проблемаларды айтпағанның өзінде ұлттар мен олардың рухани, материалдық мәдениеті құлдырау үстінде болғаны ешкімге жасырын емес. Әсіресе, ұлттың ұлттығы мен болмысын көрсететін баға жетпес рухани байлық - тіл жоғалудың аз-

ақ алдында тұрды. Керісінше, ол халықаралық тілдердің қатарына жататын орыс тілінің мерейі үстем болды. КСРО шеңберінде мемлекеттік маңызы зор қызметтерден бастап, ауызекі сөйлеу тіліне дейін кең көлемде қолданылды. Қазақ тілі Кеңес үкіметі кезінде тек жазушылар мен тіл мамандарының жазу және зерттеу тіліне айналып, қазақ ауылдарының қарым-қатынас жасаудағы ауызекі сөйлеу тілі қызметін атқарды. Бұл қазақ тілінің ғана емес, басқа да тілдердің басындағы жағдай болатын. Философия ғылымдарының докторы, ҚР ӨҒА академигі, профессор М. С. Сәбит бұл мәселеге қатысы бар қазақ тілі туралы былай дейді: «...Қазақ тілі, тіпті қазақ халқының өзі өзге мүлдем жойылған не жойылу қаупінде тұрған көптеген халықтар мен олардың тілдері сияқты жойылып кетуді басынан кешірді. ... қазақ тілін, яғни құруға аз қалған тілді тірілтіп қана емес, сонымен бірге оның әрі қарай қарқынды дамуы үшін мемлекеттік қамқорлыққа алу қажет. Мұны түсінбей, еш әрекетсіз қамқорлыққа алу жағдайды өзгертпейді. Мұнайдан түскен қаржылар әрине, маңызды, алайда тіл - біз үшін өлшеусіз қымбат» [3, 7-8]. Әрбір мемлекет пен онда өмір сүретін ұлт үшін тілдің ең біріншіден, рухани маңызы зор.

Соңғы он жылдық ішінде еліміздегі тілдің жағдайы Кеңес үкіметі кезінен бөлек, жаңа қырынан көріне бастады. Мәдениет саласы мен күнделікті қарым-қатынасқа, мемлекеттер арасындағы сыртқы саясаттан бастап ішкі саясатқа да өзіндік әсерін тигізді. Қазақстанда ұзақ уақыттың ішінде ұлттар арасында қалыптасқан этиканың бары рас. Яғни, бұл белгілі бір стандарт: бір тіл – бір мәдениет, екі тіл – екі мәдениет деген сөз. Мәдени билингвизм әсіресе, өз еліндегі қазақтар арасында кездеседі. бұл бірегей жағдай өткен жүз жылдықтың тарихи жағдайында қалыптасқан болатын. Қазақстанның көптеген аймағында орыс тілі қолданылды. Тілдің мемлекетте қалыптасып, өмір сүруі – әлеуметтік стихия, оны түбірімен заң жүзінде жойып жіберуге болмайды. Біздің өмірімізге енген орыс тілі – бұл білім мен ғылым, мәдениет пен өнердің тілі.

Ал қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алмастан бұрын да еліміздегі қоныстанған ұлттар арасындағы қатынас тілі болғанын жоққа шығара алмаймыз. Практика жүзінде айтатын болса, өзге ұлт өкілдері репрессияға ұшырап, Қазақстан жеріне қудаланғанның салдарынан олар қазақ тілді ортаға тап болды. Неміс, кәріс т.б ұлт өкілдері қазақ тілін жетік меңгеріп, қазақ тілінің жоғары көрсеткіштерін көрсетті. Неміс, орыс және қазақ тілдерінде жазатын жазушы Г. Бельгер, тегі кәріс, қазіргі қазақ прозасын орыс тіліне аударатын атақты орыс жазушысы А. Ким сынды тұлғалар үш тілділікті кереметтей меңгерген. Тіпті, қазақ ауылында өскен Г. Бельгер өзін түркі тектес халық ретінде сезінетінін айтады.

Егемендік алған Қазақстанда белгілі бір этноәлеуметтік, этномәдени өзгерістер болды: тәуелсіз мемлекеттегі қазақ ұлтының жаңа бейнесі, миграциялық процестерге жетелейтін қазақтардың этномәдени үлес салмағы қала қазақтарының артуына әсерін тигізетін ішкі ұлттық ағымдар. Мұндай факторлар қазақ мектептерінің және орта, жоғары білім беретін оқу орындарының артуына ықпал етті. Мұны қазақ тілі беделінің өсуі десе болады. Ұлттар арасындағы қатынастың негізгі құралы – қос тілділікті меңгерген тұлға көп ұлттардан құралатын қоғамда өзін үндестікте сезінеді. Әлемде ондаған мемлекеттерде заң түрінде бекітілген және практика жүзінде қолданылатын билингвизм, трилингвизмдер кездеседі. Жалпы билингвизм мәселесін ғылымда екі бағыт бойынша зерттейді: әлеуметтік-лингвистикалық және лингвистикалық. Әлеуметтік-лингвистикалық бағыт негізін ұстанған әлеуметтік-демографиялық жағдайлар мен тіл саясаты билингвизмнің жеке тұлғадағы тілдік көрінісіне, тілді әлемнің құндылығы ретінде бағалауына, бір-бірімен байланысына әсерін тигізеді. Лингвистикалық зерттеу бағыты билингвизмнің тіл мен жеке тұлғаның тіліне әсер ететіндігін байқатады. Билингвизмнің жеке адамда қалыптасуын бақылаған қызықты нәтижелер күттіреді.

Қазіргі таңда Қазақстандағы ғылым кеңістігі мен қоғамдағы билингвизм не үшін қажет? Еліміз тәуелсіздік алса да, осы кезге дейін ол неліктен ұзақ уақыттан бері орын алып келеді? Билингвизм ең алдымен, КСРО-ның үстемдік саясаты негізіндегі тарихи процестен, екіншіден, тарихи процесс қалыптастырған қоғам қажеттілігінен туындаған болатын. Қоғам қажеттілігінен туған билингвизм ұрпақтар сабақтастығының жалғасы боп қала бермек. Өйткені ол – Қазақстан мәдениеті мен экономикасы гүлденуінің бірден бір кешілі. Еліміздегі қос тілділік мәселесін жете зерттеген ғалым Б. Хасанов қос тілділікті «тұрмыстық» және «көркем-әдеби» деп екіге бөле отырып, көркем-әдеби түрін қос тілдіктің ең жоғарғысына балайды. Олардың өзіндік ерекшеліктерін түсіну қиын емес. Көркем-әдеби қос тілділік адамдардың эмоциясы мен сезімін, тіл байлығын, рухани дүниесін дамытуға септігін тигізсе, тұрмыстық қос тілділік күнделікті қарым-қатынас жасауда іске асады. Мақалаға арқау болып отырған қос тілділіктің

бұл екі түрінің де қазақ қоғамы үшін маңызы мен рөлі өте зор. Қазақ тілі ғасырлар бойы басынан түрлі кезеңдерді өткізіп келе жатқан біздің ана сүтіндей қадірлі туған тіліміз болатын болса, мемлекеттік тілден кейінгі орында тұрған ресми тіл орыс тілінің де атқаратын қызметін жоққа шығаруға болмайды. Тілдің күрделі құбылыс екенін ежелден білген дана халқымыз оны ерекше бағалаған. Шешендік өнер, ертегілер, эпостар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, айтыс өнері сөз тапқырлығы мен логикалық ойлауды дамытатын асыл қазынамыз екендігіне шүбә жоқ. Ұлттың ұлттығы мен жеке болмысы ең алдымен, оның осындай ерекшеліктерінен байқалады. Абай айтып кеткен «ғылым-білімнің тіліндегі» әлемдік ғылыми, әдеби, білімнің қазынасы саналатын философиялық еңбектер көбіне орыс тілінде жарық көрген. Мұндай дүниелер еліміз тәуелсіздік алғалы ақырындап орыс тілінен қазақ тіліне аударылып, халық игілігіне жарап жатыр.


Билингвизмнің орын алуы қоғамның әр түрлі салаларында өзекті мәселелерге айналып, түрлі қиындықтар тудырып жүргені шындық. Себебі мұндай мәселелерді ашып алмай, оны зерттеп, тиімді, шешуші жақтарын қарастырмай, ғылымда жаңалық ашу мүмкін емес. Әсіресе, бірінші кезекте Қазақстан білімі мен ғылымының даму жағдайында қазақ-орыс қос тілділігі кездесе ме, білімнің дамуына кедергі келтіре ме деген сауал тұрады. Елдің ертеңі – жастар арасында орыс тілін білмеушілік көптеп кездеседі. Олардың ішінде өте дарындылары кездесе де, өкінішке орай, әлемде өзіндік орны бар халықаралық тіл орыс тілінде еркін сөйлей алмайды. Бұған керісінше, қазақ тілінде еркін, жетік сөйлей алмайтын жастар да бар. Бұл трагедия десе де болады. Неге трагедия болмақ? Себебі, жаһанданған ақпараттар заманында барлық ғылыми, танымдық мәліметтерді тек орыс тілі арқылы оқып білеміз. Тіпті, жаһанданудан бұрын да солай болған. Ал қазақ тілінің қазақ жастары үшін орны бір бөлек екендігін кез келген жанның түсінері анық.

Тілдің дамуы қоғамның мәдениетпен түйінделетін қозғалысынан көрінеді. Сондықтан тілдің даму деңгейі, бұл – оның мәдени дамуының көрсеткіші.

Еліміз егемендік алғалы қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие. Десек те, Қазақстан үшін орыс тілі халықтың мәдени әрі рухани сауаттылығының негізгі көзі екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл – баршаға аян ақиқат. Рухани даму мен саяси-әлеуметтік маңызы зор орыс тілінің ел экономикасына тигізер орасан үлесін айтпағанның өзінде, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі Елбасы ұсынған «үш тіл тұғырының» ең басында тұруы қажет. Ең біріншіден, қазақ халқы рухани төл мұраларын санасында жаңғыртып, жас ұрпақтың ана тілінде сөйлеп, мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін білуіне жол ашып, бағыт беруден жалықпауы керек. Төл мәдениетін білмей тұрып, өзге мәдениетті бағалау, түсіну қиынға соғады. «Тіл – ұлттың жаны. Тіл – идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі» [4, 67] – деген орыстың классик жазушысы Л. Толстойдың сөзі кез келген жанға ой салады. Екіншіден, адам туған тілдің мән-мағынасын түсінгеннен кейін ғана өзге тілдің қадірінің қаншалықты екенін сезінеді. Басқа тілді білу арқылы өзінің мәдениетін, дүниетанымын байытады. Тұла бойындағы руханилықты жоғалтпайды, қайта таным көкжиегін кеңейтіп, тұла ретіндегі қасиеттерін дамытады. Қос тілділіктің астарында руханилықтың осындай қайнар көзі жатыр. Бүгінгі күннің талабы ағылшын тілін білуді қажет етеді. Тілдер тұғырлығы биіктеген сайын адамзаттың дүниетанымы, ақыл-ойы кеңейе береді. Ақпараттанған жаһандану заманында тарихи қалыптасқан, мемлекеттің мемлекеттігін құрайтын және өзіндік үлес қосатын қазақ-орыс қос тілділігі біздің елімізде мәдениетіміз бен тілдердің кең түрде дамуы үшін ел игілігіне жаратылуы тиіс. Бұл жағдай көп тілділікке ұласса, зиянын емес, қайта жаңа мүмкіншіліктерге жетуге септігін тигізеді анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кассирер, Э. Философия символических форм. / Э. Кассирер. Философия символических форм. – Том 1. Язык. – М.; – СПб. – 2001. – С. 101-397.
2. Ержанова, Ұ. Р. Дүниетанымның тілдік қырлары / Ұ. Р. Ержанова // Образование и наука в современных условиях и развития Казахстана: опыт, проблемы и перспективы: Материалы междунар. науч.-практ. конф., посвященной 70-летию ЗКГУ: Изд-во ЗКГУ. – 2002. – С. 12-277.
3. Сабит, М. Философия языка и анализ языковой ситуации в Казахстане / М. Сабит // «Язык – духовная ценность» Сборник материалов респ. науч.-теор. конф., посвященной 80-летнему юбилею Каз. Нац. пед. ун-та им. Абая. – Алматы: «КИЕ» лингвострановедческий инновационный центр. – 2008. – С. 7-212.
4. Ақыл кені. Алматы: «Көшпенділер». – 2005. – Б. 67-244.



УДК: 378:303.446.23

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У СТУДЕНТОВ-ПЕРЕВОДЧИКОВ

Н. С. Бисалиева, Л. Н. Есенгалиева

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Мақалада аудармашы студенттердің мамандығы бойынша кәсіби және мәдениетаралық қалыптасуы сөз етіледі. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өзге тілде сауатты сөйлеу, сөйлеушіні түсіне білуде кездесетін қиыншылықтар қаралыстырады. Білікті маман болып қалыптасу, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, ауызекі сөйлеуде түсінікті болу, арақатынаста, сұхбаттасу үстінде кәсіби шеберлігін көрсете алу, түрлі жағдаяттарда түсініктемелер беріп, әңгімені өрбіте алу, нақты аудармаларын тауып, гуманистік тұрғыдағы мәдениетаралық байланысқа сай болу мәселері қозғалады..

В статье рассматриваются профессиональная и межкультурная компетентности у студентов переводчиков как новое стержневое личностное образование, задающее целостную систему отношений к переводческой деятельности и проявляющееся в профессионально-познавательных установках, побуждающих студентов профессионально реализовать задачи межъязыковой коммуникации. На основе коммуникативной подготовки предполагается умение переводчиков реализовать свои профессиональные функции через систему общения, умение занять гуманистическую позицию по отношению к представителям разных культур, умение планировать свое речевое поведение, умение оперативно вносить изменения в процессе культурного общения в соответствии с новыми условиями межкультурного контакта.

Problems of professional and intercultural competences of translation department students are considered in the article as new core education, which makes the whole system of relationship in translating activity, and shows the professional directions inducing the students to realize the tasks of intercultural communication. On basis of communicative preparation it is supposed to realize professional functions through the system of contacts, communicative skills between people of different nationalities, the ability of making changes efficiently in the process of communication according to the new conditions of intercultural contacts.

Современное общество начала третьего тысячелетия характеризуется рядом особенностей, к которым прежде всего следует отнести: стремительное расширение международных связей в различных областях человеческой деятельности; потребность в осуществлении оперативной коммуникации между отдельными личностями, группами или сообществами людей; возросшую значимость интеллектуального труда, ориентированного на использование информационного ресурса глобального масштаба. Вышеизложенные тенденции общественного развития, несомненно, формируют современный заказ на профессиональную компетентность будущего специалиста межкультурной коммуникации (или переводчика). Под профессиональной

компетентностью переводчика понимается интегрированная характеристика личности специалиста, включающая лингвистическую, социокультурную, психологическую и информационную компетенции и позволяющую переводчику эффективно осуществлять профессиональную деятельность. В современном мире роль переводчика становится ответственной и весомой, так как из посредника, удовлетворяющего внешнюю потребность общения между людьми, разделенными лингвоэтническими барьерами, он превращается в специалиста в области межкультурного общения. Вместе с тем, колоссальная востребованность в переводчиках-профессионалах ведет к неизбежному повышению требований к качеству их подготовки.

В Концепции модернизации образования на период до 2015 г. определяется, что одним из необходимых условий достижения нового качества профессионального образования является межкультурное общение. В условиях расширяющегося международного общения, сотрудничества и обмена научными, культурными и духовными ценностями современному обществу требуются уже не просто преподаватели иностранного языка и переводчики, а специалисты по международной и межкультурной коммуникации, что выходит за рамки собственно знания языка. Подготовить специалистов, призванных решать практические вопросы взаимодействия с представителями различных народов, стран и культур, возможно только в условиях пересмотра системы обучения иноязычному общению будущих специалистов с учетом использования всех компонентов межкультурной коммуникации [1].

Объективным основанием существования межкультурной коммуникации являются различия между культурами, стремление понять эти различия и поведение их представителей. В процессе межкультурной коммуникации представитель той или иной культуры решает две задачи: во-первых, сохранение своей культурной идентичности и, во-вторых, включения в инородную культуру.

Основная задача формирования межкультурной коммуникации заключается в подготовке студентов к усвоению особенностей национально-культурной специфики речевого поведения носителей языка.

При таком подходе межкультурная коммуникация студентов-переводчиков рассматривается как процесс формирования общей культуры личности, представляющей собой совокупность теоретических знаний и практических умений и навыков, позволяющих ей результативно использовать свои психические, физические, личностные качества для эффективного решения задач коммуникации в инокультурной языковой среде.

В то же время преподавательские коллективы получили образование, в основном, в докомпьютерную эпоху. Как следствие - психологический барьер перед более компетентной молодой аудиторией. Кроме этого, отсутствуют объективные стимулы применения ИКТ. Планирование учебного процесса не учитывает особенностей внедрения ИКТ технологий: количество мест в компьютерных классах, как, правило, 10. Стандартные кабинеты не позволяют размещать большее количество компьютеров. Деление учеников на подгруппы предусмотрено только для уроков информатики. Отсутствует единая методическая база учебных материалов [2, 3].

Перед администрацией учебного учреждения остро стоит проблема автоматизации документооборота. Рутинная работа отнимает колоссальное количество времени. Отсутствие единого информационного пространства приводит к тому, что подразделения дублируют сходные задачи. Например, учебная часть, бухгалтерия, учебные кафедры используют базу студентов в разной степени детализации. Чаше всего есть расхождение с реальным положением дел. Скромное финансирование обновления материально-технической базы и стимулирования инновационных процессов также тормозит создание единой информационной среды учебного заведения.

Рассмотрим возможные подходы к решению проблем информатизации на примере нашего лица. Прежде всего, отметим, какими техническими возможностями располагает лицей для использования ИКТ в образовательном процессе:

- ⇒ кабинет с проектором;
- ⇒ программные средства для демонстрации слайд-шоу;
- ⇒ локальная сеть в компьютерных классах (по 14 мест);
- ⇒ оптоволоконная связь с Интернет;
- ⇒ возможность создания предметных сайтов в локальной сети лица.

Наиболее широко ИКТ используют две профессиональные отделы: отдел секретарей и учебная часть школы-лицей информационных технологий (школа-лицей ИТ). Учителя школы-лицей ИТ большое внимание при проведении урока уделяют организации различных видов самостоятельной работы учащихся, в том числе с наглядными материалами, с печатными и электронными источниками информации, с поисковыми системами в сети Интернет. Важным дидактическим средством становится использование проекционного оборудования для формирования устойчивых визуальных образов. На уроках информатики у учеников всех профессий формируется информационная культура. Они работают над созданием сайта, учатся работать в фотошопе, создают презентации. Использование Интернет-технологий позволяет активизировать и сделать более эффективной самостоятельную поисковую работу учащихся. Практические навыки работы с поисковыми серверами Интернет учащиеся используют в своей проектной деятельности, подготовке докладов, рефератов. Выпускник школы-лицей ИТ относится к компьютеру как к инструменту для профессиональной деятельности, способному облегчить решение профессиональных задач. Для развития творческих способностей учеников проводятся нестандартные уроки, выполнение заданий, требующих творчества (уроки-соревнования, выпуск электронных газет, интегрированные уроки, уроки-презентации).

На профессиональных уроках, где компьютер используется как рабочий инструмент,

педагоги не испытывают психологического дискомфорта. В школе-лицее ИТ все методические и дидактические материалы разрабатывают преподаватели вместе системными администраторами. Здесь и творческая переработка, и адаптация печатной продукции, материалов из Интернет, периодических изданий, электронных носителей для наших учебных программ. Молодые специалисты (даже гуманитарных дисциплин) стараются использовать ИКТ в образовательном процессе. Педагоги с опытом работы ждут дополнительных материальных стимулов за использование ИКТ. Они делают ставку на свой авторитет, большой педагогический и методический опыты. На наш взгляд, интегрированные уроки являются той формой, которая наиболее мягко и наглядно демонстрирует использование инновационных и информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе. Так в школе-лицее проходит предметные недели с использованием ИКТ: например уроке информатика преподаватель Салманова А. М. предложила ребятам в Ролуег Раіпі; создать «Город будущего 2020 года», уроке история преподаватель Байнеязова М. Г. на теме «Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы» использовала интерактивную доску, уроке физика используется видео урок на интерактивной доске, на своем уроке математика тоже использую интерактивную доску. Такие уроки разнообразят учебный процесс, вызывают дополнительный интерес у учеников, повышают их мотивацию.

Сейчас огромное количество методических электронных пособий на рынке. Но есть проблемы в их использовании. Методическая проблема заключается в том, что, как правило, это единый курс, и совсем неочевидно, что он полностью укладывается в конкретную учебную программу. Техническая проблема состоит в том, что рынок ориентирован на персональных пользователей. В сетевой среде зачастую эксплуатация этих продуктов сталкивается с серьезными трудностями. Сетевые версии обычно отсутствуют, получение версий через систему заказов стоит на порядок дороже.

В школе-лицее ИТ успешно внедряется система управления учебным процессом. В форме компьютерного тестирования проводятся контрольные работы, экзамены и олимпиады. В конце каждой четверти учащиеся сдают компьютерное тестирование. Итоги оформляются ведомостью, составляются мониторинг качества знаний, рейтинг учащиеся. Компьютерное тестирование – очень перспективное направление. Преподаватель избавляется от нудной рутинной работы проверки контрольных тестов на бумажных носителях, так как обеспечивается автоматизированная проверка результатов тестов.

Создание единой информационной среды образовательного учреждения – наиболее современная составляющая ИКТ. На данный момент существует несколько российских программных продуктов. Наиболее удачным вариантом мы считаем систему №1 Школа самарских разработчиков. Программа позволяет ведение единой базы учеников, электронных журналов, тарификации преподавателей, мониторинга успеваемости и посещаемости, автоматическое составление расписаний, подключение и создание мультимедийных курсов и материалов, обеспечение связи с родителями через Интернет (электронный журнал, 3тз-сообщения). Система постоянно развивается, внедрена во многих городах России, имеет приемлемую стоимость. Кроме этого, № 61 Школа требует совсем другой культуры работы и исполнительской дисциплины.

Чтобы привить ученику информационную культуру, надо создать вокруг него определенную информационную среду, для овладения необходимыми знаниями и умениями.

Овладевая информационной культурой, также используя информационно-коммуникативные технологии в своей профессиональной деятельности, преподаватель любой предметной сферы получает:

- образную, наглядную форму представления учебного материала;
- поддержку активных методов обучения и развития инновационного образования «учебный информационный канал»
- возможность привлечения к процессу активного инновационного обучения категории учеников, которые отличаются интеллектуальными способностями и характеризуются разносторонностью в стиле обучения;
- возможность сделать обучение более качественным и эффективным, привлекая информационно-компьютерные технологии в образования и развития штучного интеллекта (в сфере чувственного и мыслительного восприятия ученика средствами мультимедиа);

- возможность учителю (преподавателю) подготовить разные формы и варианты задач, тестовых и творческих работ, карточек и т.п., что в будущем могут быть распечатанные в компьютерном классе и розданные ученикам для выполнения;
- использование мультимедийных средств обучения и программно-методических средств в научно-проектной деятельности (учеников, учителей, преподавателей) повышает эффективность и качество образования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Дзюбенко, А. А. Новые информационные технологии в образовании / А. А. Дзюбенко. – М. : Педагогика. – 2000. – 104 с.
2. Машбиц, Е. И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. / Е. И. Машбиц. – М. : Педагогика. – 1988. – 192 с.
3. Морев, И. А. Образовательные информационные технологии. 4.1: Обучение: Учебное пособие. / И. А. Морев. – Владивосток : Изд-во Дальневост. ун-та. – 2004. – 158 с.

ӘОЖ: 002.53:004.65

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Т. Ж. Сатыбаева, магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Г. М. Миниус**, техн. ғылымдарының докторы, профессор

Казахстанский университет инновационных и телекоммуникационных систем

Мақалада оқыту процесіндегі мультимедиалық технологиялардың мүмкіндіктері мен мультимедиалық технологияларды пайдаланып оқытуға қол жеткізудің нәтижелері жазылған.

В статье излагается о возможностях и использовании мультимедийной технологии в процессе обучения, которые можно рекомендовать для базового среднего образования.

In this article it is written about possibility and using cartoon's technology in studying, which can be recommended for the base secondary education.

Әлемдік өркениет деңгейіне көтерілуге талпынған кез келген елдің, ұлттың өз мақсатына жету жолындағы басты қаруы – ұлттық рухани құндылықтарды негізге ала отырып, әрбір жеке адамның білім алуын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы ретінде азаматтардың тұлғалық, психофизиологиялық, интеллектуалдық даму деңгейін арттыру үшін олардың үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған. Азаматтардың үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету білім беру жүйесін ақпараттандырумен тығыз байланысты [1].

«Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», «Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың» мемлекеттік бағдарламасында, «Бастауыш және орта кәсіптік білімді ақпараттандырудың» бағдарламасында мына мәселелерге баса назар аударылған:

- ➔ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту процесіне енгізу жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
- ➔ компьютер техникасымен қамтамасыз етілудің әлемдік көрсеткіштеріне (1 компьютерге келетін оқушылардың саны 10-15) жету үшін орта білім беру ұйымдарын одан әрі компьютерлендіру;
- ➔ білім беру ұйымдарын интернет желісіне қосу;

- ➔ білім берудің барлық деңгейлерінде қашықтан оқыту технологияларын әзірлеу және енгізу;
- ➔ оқыту технологиясын аппараттық-бағдарламалық жабдықтау;
- ➔ ақпараттық технологияларды оқыту процесіне енгізуді қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу, әдістемелік жұмыстарды жүргізу.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселелері педагог ғалымдардың да үнемі назарында болып келеді [2].

Мысалы, білім саласын ақпараттандырудың, компьютерлендірудің әртүрлі аспектілері А. П. Ершов, В. М. Монахов, И. В. Роберт, В. С. Гершунский еңбектерінде, оқыту процесінде компьютерлік технологияларды қолданудың теориясы мен әдістемесі В. А. Каймин, Ю. С. Брановский, Н. В. Василенко еңбектерінде қарастырылған. Ал, Қазақстанда бұл мәселелерге Ж. А. Қараев, С. К. Кариев, К. А. Танатаров, К. З. Халықова, К. Т. Исакова, Н. И. Аманжолова, т.б. зерттеулер жүргізді.

1990 жылдардың бас кезінде пайда болған компьютерлік оқыту технологиясының жаңа бағыттарының бірі – интеллектуалдық оқыту жүйелерін құрудың және оны пайдаланудың мәселелерімен С. Ю. Карпова, Ш. Х. Күрманалина, Л. В. Корчагина айналысты.

Қазіргі таңда дидактикалық оқыту жүйелерін қалыптастырудың перспективалық бағыттарының бірі – мультимедиялық технологияларды оқыту процесінде пайдалану болып отыр. Оқытуда мультимедиялық технологияларды пайдаланудың теориялық және практикалық аспектілері Ю. Н. Егорованың, дидактикалық аспектілері Н. В. Клемешованың, орта мектептің информатика, математика пәндерін оқытуда мультимедияны пайдалану әдістемесі С. С. Кравцовтың, Т. Г. Пискунованың еңбектерінде зерттелінген [3].

Білім беру жүйесінің жаңа талаптары мен жоғарыдағы ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелерін ескере отырып, мынадай тұжырымға келуге болады: үздіксіз білім беру жүйесін жетілдірудің перспективалық бағыттарының бірі ретінде мультимедиялық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы, ал оның негізгі техникалық және дидактикалық құрамын дамыту маңызды болып саналады.

Мультимедиялық технологиялар – әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы.

Білім берудегі мультимедиа – таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын, дидактикалық ақпаратты-бағдарламалық құрал.

Мультимедияның бағдарламалық құралдары – интерактивті режимде әртүрлі типті ақпараттарды дайындау, өңдеу, ұсыну, біріктіру секілді іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін компьютердің бағдарламалық жабдықтары. Мультимедиялық бағдарламалардың негізгі атқаратын функцияларының бірі – басқаруды қамтамасыз ету. Яғни, қажетті ақпаратқа еш кедергісіз ауысу мүмкіндігінің болуы.

Мультимедиялық өнімдер – мультимедиялық құралдар және арнайы бағдарламалық жабдықтар көмегімен дайындалған ақпарат.

Жалпы, оқыту процесіндегі мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктерін төмендегі кестеден көре аламыз.

Мультимедияның ажырамас бөлігі болып табылатын лазерлік дискілерде жазылған электрондық энциклопедиялар, оқулықтар мен сөздіктер оқыту процесінде ерекше маңызға ие.

Мультимедиа интернет-технологияның да дамуына тікелей әсер етіп отыр. Интернетте бейнеконференциялар ұйымдастыруда дыбыстық және бейнелік хабардың сапасын төмендетпей ұсыну, байланысқа түскен адамның бет-бейнесін компьютер мониторынан көріп отыру мультимедияның жемісі. Мультимедиялық технологиялардың көмегімен бүгінгі таңда кез келген адам өзі жөніндегі мәліметтерді, фотосуреттерді, тіпті, өз дауысын интернет желісіне шығаруға мүмкіндік алып отыр.

Оқыту процесінде мультимедияны пайдаланып білім берудің әртүрлі аспектілерін дамытуға болады. Олар: ақпаратты өңдеудің когнитивті аспектілері, оқытудың мотивациялық аспектілері, оқытудың коммуникациялық аспектілері, оқытудың танымдық аспектілері.

Мультимедиялық технологияларды белгілі бір оқыту жүйесінің (математика пәні) мазмұны мен әдістеріне негізделген жағдайда пайдалану тиімді. Мультимедиялық технологиялар мен оқыту әдістерінің өзара байланысы біркелкі болмайды, яғни, бір мультимедиялық құрал бірнеше оқыту әдістерін қамтыса, ал керісінше, бір оқыту әдісінде

бірнеше мультимедиалық технологиялар кешені пайдаланылуы мүмкін. Қазіргі заманғы мультимедиалық технологиялар құбылыстардың дамуын, динамикасын көрсетуді және оқу ақпаратының көлемін белгілі бір реттілікпен беріп отыруды жүзеге асыратындықтан жаңаша оқыту әдістерін талап етеді.

1-Кесте – Оқыту процесіндегі мультимедиалық технологиялардың мүмкіндіктері

№	Оқыту процесінде кездесетін қиындықтар	Мультимедиалық технологиялардың оқыту тиімділігін арттыру мүмкіндіктері	Мультимедиалық технологиялардың пайдаланудағы жетістіктер
1.	Объективті күрделі материалдарды оқыту	Оқу материалын бөлшектеп ұсыну	Оқушылардың оқу материалына қызығушылығы артады
2.	Түсінік -ұғымдардың абстрактылығы, жалпылау, салыстыру қажеттілігі	Нақты ұғым қалыптастыру, салыстыру, жалпылау кезіндегі иллюстрациялау	Нақтыдан абстракцияға, жекеден жалпыға ауысу жеңілдігін көрсетеді
3.	Эксперимент жасаудың күрделілігі	Зертханалық аудиторияларда өткізуге мүмкін емес тәжірибелерді демонстрациялау	Зертханалардағы құрал-жабдықтардың жеткіліксіздік мәселесін біршама шешу
4.	Құбылыстар мен процестердің механизмін оқыту	Құбылыстарды, процестерді модельдеу, динамикада көрсету	Құбылыстар мен процестердің табиғатын ашып көрсету
5.	Тез немесе жай өтетін процестерді оқыту	Проекциялық құрылғылар көмегімен табиғаттағы процестердің жүруін бақылау	Құбылыстар мен процестерді оқыту кезінде уақытты тиімді пайдалану
6.	Объектінің көрінбейтін бөлігінде өтетін микропроцестерді бақылау, түсіндіру	Коммуникациялық құрылғылар, Web -камералар мүмкіндіктерін пайдалану	Бақылау кеңістігінің шекарасын үлкейту
7.	Негізгі заңдылықтар мен құбылыстарды техникада қолданудың көпсалалығы	Табиғаттағы заңдылықтардың техникада қолданылу аясымен танысу	Заңдылықтардың қолданбалы сипатын, ғылым мен техника жетістіктерін бейне-материалдармен түсіндіру

Интерактивті негіздегі мультимедиалық технологиялар интернет желісі және СБ-курстар арқылы ауыл мектептерінің «оқшау қалып қою» мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Мультимедиалық технологияларды пайдаланып оқыту, атап айтқанда, мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- оқу материалын терең түсінуге;
- оқу мотивациясының артуына;
- алынған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына т.б.

Білім беруде мультимедиалық технологияларды тиімді пайдалана алуы үшін болашақ мамандар мынадай білімдерді меңгеруі қажет:


- ⇒ пәндік, пәнаралық, арнаулы курстарды жүргізуде мультимедиалық технологияларды қай жерде, қандай мақсатта және қалай пайдалануы керектігін білуі;
- ⇒ мультимедианы әртүрлі оқыту модельдеріне (сызықтық, сызықтық емес, ізденушілік, аралас т.б.) сәйкесті қолдана білуі;
- ⇒ оқыту құралдарының жүйесін құру;
- ⇒ мультимедиалық технологияларды пайдаланудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкесті іс-әрекет мазмұнын таңдау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев, Н. Ә. Қазақстан халқына Жолдауы: Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан / Н. Ә. Назарбаев. – Астана. – 2007. – 16 б.

2. Компьютерная технология обучения: Словарь-справочник / Под ред. В. Ю. Гриценко, А. М. Довгялло, А. Я. Савельева. – М. : Педагогика. – 1992.

3. Павелко, Г. Оқыту үрдісінде интерактивті тақтаны қолдану / Г. Павелко, С. Исакова. // Математика және физика. – 2008. – № 3.



Қазіргі таңдағы шешендіктану /риторика/ ілімі – ойлана шебер сөйлеу үрдісінің жүйесін танытатын, ойланудан вербализациялауға дейінгі үрдістің күллі сатыларын есепке алатын классикалық риторика ғылымының заңды жалғасы. Риторикалық канондар – адамның өзіндік сөйлеу жүйесінің алгоритмі. Демек, шешендіктану арналары, риторикалық канондар, үздік «шешен-классиктер» туралы мағлұматтар – сөйлеу өнерін жете игеруге аса қажетті база.

Біздіңше, шешендік өнер тек шартты түрде ғана өнер делінеді, ал, шын мәнісінде, бұл – бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет. Ендеше, әрбір сауатты адам үздіксіз де қажырлы, мақсатты да ұмтылысты еңбектің нәтижесінде шешендік өнер негіздерін, яғни, аудитория алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгере алады. Ал, қазіргі таңда осы орайлас білік-дағдысыз кәсіби маманның қалыптасуын көзге елестету мүмкін емес

Әріптестеріміздің сұрауы бойынша шешендіктану қағидаларын практикалық ісімізде пайдалану жолдары жөніндегі талдамаларымыздың жалғасын ұсынамыз. Бұл бағыттағы ой-түйіндеріміздің басы «Ғылым және білім» журналының алғы реттегі сандарында / «Жоғары оқу орны оқытушысының лекторлық кәсіби қалпы», 2009, №4, 122-127-б.б.; «Сөз сөйлеуге қатысты тірек сауалдар мен алғы мақсатты жүйелеу талдамасы», 2010, №1, 309-315-б.б./ жарық көрді. Ұсынылып отырған үшінші мақалада негізгі мәселемізді жинақтаймыз. Әрине, бұл - шешендіктану ілімінің бір қалтарысы ғана.

ӘОЖ: 808/574/

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ШЕШЕН-ЛЕКТОР ҚАЛПЫНДАҒЫ СӨЙЛЕР СӨЗІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕЗИСТІҢ ЖҮЙЕЛЕНУ АСПЕКТІЛЕРІ

А. С. Қыдыршаев, пед. ғылымдарының докторы, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада жоғары оқу орны лектор – оқытушысының сөйлер сөзіндегі негізгі тезистің жүйелену аспектілері екішеле түйінделеді. Нәтижеде шешендік сөз композициясының құрылымдық элементтері таратылып ұсынылады.

В статье раскрываются аспекты систематизации основных тезисов выступлении лектора – преподавателя вуза. В результате чего вычленяются структурные элементы композиции речи оратора.

The aspects of systematization of main thesis of higher school lector-teacher's speech are revealed in the article. As the result, structural elements of orator's speech composition are divided into parts.

Негізгі ойды тура да нақты баяндауға ұмтылмау – көпшілік жағдайда лекторларда кездесетін дағды кемдігі мен тартымсыздық қалпын аңғартар олқылықты құбылыс. Бұндай жағдайда тыңдаушылардың бар энергиясы шешен не айтқысы келгенін аңғаруға кетер болса, сөйленген сөз тыңдаушыларға тиісті дәрежеде әсер етпейді. Осы ретте шешен өзінің тың да батыл ойын тезис күйінде айқара ашып салмауы тиіс.

Тезис – бұл басты ойдың (идеяның) сөзбен бейнеленуі. Лекция мақсатына анық сілтеме берер негізгі пайымдама немесе фраза. Тезисті жинақтай жүйелеу үшін, шешен өзіне-өзі: «Мен адамдарға тұтас тақырыптың өзегі ретінде не айтамын?», «Тыңдаушыларға міндетті түрде не туралы айтуға тиіспін?», «Мен ең басты деп нені есептеймін?», «Өз санамда не қалуы тиіс?» секілді сауалдарды қойғаны орынды.

Тезистің жүйеленуі – күрделі психологиялық-лингвистикалық міндет. Күрделілігі сол – басты ойдың оп-оңай қалқып аларлықтай үстіртін қалыпта жатпайтындығы. Оны бағытталап отырған аудитория мен сөз сөйлеудің нақты мақсатына орайлас алғы межені есепке ала отырып (әлеуметтік сұранысқа қоса) ойлап шығарған жөн. Тезис – дәлелді талдаудың барша инструкциясының өзегі. Соған сәйкесті ол санада шегеленуі тиіс. Бұл орайда қазіргі шешендіктануды зерттеушілердің бірі былайша жазады: «Важно определить тот содержательный и композиционно – стилистический центр, стержень, вокруг которого организуется вся речь. Тем самым определяется общая стратегия речи, роль и функций отдельных компонентов» [1, 78 б.].

Қысқасы, тезисті, барша сындарға, полемикаларға, өмірдің сан алуан қиындықтарына төзуі тиіс фразаны, ұштау оп-оңай емес. Салған жерден белгілі бір талаптарға жауап берерліктей қысқа да нақты тезисті жүйелеу қиын-ақ. Көбінесе алғашында бірнеше фразалардан тұратын ой шекарасын кескіндейтін жұмыс, алдын-ала қағазға түсірілген тезисі белгіленеді. Ілгері мазмұнмен жүргізілер жұмыс барысында ол талапқа сәйкесті екшеледі, қысқарады және ақырында жүйеленеді. Ал, сөйленер сөз нысанының шектелуіне, яғни бастыны айтуда сөздің аз, ойдың мол ұстанымы жүзеге аспақ.

Сөйленер сөздің сапасына мысқал да зиян келтірместен ойды қалай тығыздауға, сөзді қалай шектеуге болады? Тақырыпты тұтастай меңгеру – мәселенің бір жағы. Оған адам ғұмыры жетпеуі мүмкін. Екіншісі - жинақталған білім тығыздығына сәйкесті белгіленген аудиторияға орайлас тұщымды да тәлімді, қилы қалтарысты елең еткізер сөз сөйлеу білу. Бұның алдыңғысы да, соңғысы да аса қажетті.

Сөйленер сөздегі негізгі сауалдардың молдығы, көбінесе, автордың басты ойды жеріне жеткізе ойластырмағанын аңғартады. Егер де әрқайсысына көл-көсір уақыт кететін болса, төртеуден аса баптарды белгілеудің қажеттігі шамалы. Бұған аудиторияның да жадына одан аса мәліметті сіңірудің ауыр тиерін ескеру артық емес. Кейде іс мәнісін меңгеруге екі мәселенің өзі-ақ жеткілікті болып жатады.

Қысқасы, аз сөзбен көпті айту – оқытушының лекторлық шеберлігінің озық көрінісі. Қазақтың Қабдоловынша айтсақ, «аз біліп, көп сөйлеген – мылжың, көп біліп, аз сөйлеген – шешен».

Оқыту үрдісінде оқытушының жекелік ұстанымы да көп нәрседен хабар береді. Көрсеткімдердің қарапайымдылығы, үрдістер мен құбылыстардың көрнекі бейнеленуі, тірек белгілер, символдар елестетуді оятады және көргенін есте ұзақ сақтауға себепші.

Таныс нәрсені қалайша қызықты етуге, ал жаңа мен күрделіні қалайша түсінікті етуге болады? Біріншіден, егер де тақырып ескі болса (бұрын айтыла-айтыла мезі етілген тақырып болса), онда оны жаңа да тың деректермен және мейлінше байқалып тұрған қызығушылықтармен үйлестіре дамытуды керек етеді. Екіншіден, егер де тақырып тың да бұрынғылардан ерекшелеу болса, онда оны тыңдаушылардың тұрмыстық тәжірибелеріне және көпшілікке мәлім ережелерге сүйене отырып дамыту тиімді. Дегенмен де екі жағдайда да көтерілген мәселе мен оның нысанына байланысты мейлінше көбірек бағыттама ұстану керек-ақ. Жалпы кім-кімге де пәнді нашар білсе, оған оны баяндау да мейлінше қызықсыз, оның сөйлеген сөзінің мазмұны кедей болған сайын, онда тың да жаңа материалдардың мардымсыздығын аңғартады.

Тіпті тың да жақсы іріктелген материалдар – бұл архитектуралық құралдардың қоймасы ғана. Әлі, фундаменті құйыла тұрса да, сөйленер сөз сарайы тұрғызылмаған. Тақырып бар, мақсат айқын, негізгі ой тезис үлгісінде жүйеленген, дегенмен де әлі даму үрдісі жоқ. Оны

ойлау – аудиторияға ұсынбас бұрын, алғашында өз санаңда негізгі идеяны баяндаудың ой ұшығын мәжелеу деген сөз. Қашан да өзіңмен-өзің отырып сараптау, яғни ой дамуының жүйелілігін анықтау пайдалы.

Егер де не туралы сөйлеймін, неге сөйлеймін, қанша сөйлеймін сауалдарына жауап табылса, лекция тақырыбы ашылады деп сенуге әбден болады. Ендігі кезекте сөйленер сөздегі ой ұшығын анықтау мен лекция жоспарын әзірлеу ғана қалады.

Сөйленер сөздің ой ұшығы лекцияның басынан аяғына дейін негізгі ойдың даму логикасын, мақсатқа бағытталған қозғалыстың жүйелілігін аңғартады. Ол композицияның базасы болып табылады, яғни материалдардың кіріспеде, негізгі бөлімде және қорытындыда жүйелі орналасуы.

Жоспар – лекциядағы ой ұшығында тармақтала орналасып, мәтіндік үлгіде безендірілген сөйленер сөздің негізгі элементтерінің жүйесі. Мәселен, проблемалы лекцияның шамамен мөлшерленген жоспарының үлгісі төмендегіше:

Тақырып _____
(сөйленер сөз нысанының атауы)
Әлеуметтік
міндеті _____
(қоғамдық қажеттілігі)

Лекция
мақсаты _____
(шешеннің саналы түрдегі ұмтылысы)
Басты
тезис _____
(басты қозғаушы ой, идея, ереже)
Негізгі мәселелер:
4) проблемасы _____
(қиын жағдаят)
5) мүмкін болар жолдар _____
(альтернативті келістер)
6) ұсынылар
шешім _____
(іс-әрекетке жол табу)

Ой ұшығы индуктивті, дедуктивті, аналогия бойынша құрылып, саралау бағытында хронологиялық т.б. қалыпта болуы мүмкін.

Сөйленер сөздігі ой ұшығын межелей отырып, лекцияның шамамен мөлшерленген жоспарын құрастырғаннан кейін, сөйленер сөздің (лекцияның) композициясын құруға көшкен орынды.

Сөйленер сөз композициясы – бұл оның құрастырылуы, жинақталуы, реттелуі, құрамды бөліктерінің орналасуы, баяндалу тәртібі.

Дәстүрлі композиция үш блок материалдарын қамтиды: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды (1-кесте). Сөйленер сөз композициясы туралы М. В. Ломоносов былай жазады: «Расположение – есть изобретенных идей соединение в пристойный порядок ... Храброго вождя искусство состоит не в одном выборе добрых и мужественных воинов, но не меньше зависит и от приличного установления полков».

Лекция материалдарын орналастыруда жүйелілік, үдете түсу, органикалық біртұтастық пен үнемділік қағидаттарын басшылыққа алу орынды. Идея дамуының жүйелілік қағидаты шешенді баяндауды әрбір ілгері ойдың алдында туындап жататынындай не бір-бірімен етене байланысты қалыпта болуындай тұрғыда ойластыруды қажет етеді. Бұл құрылымдық жинақтылықтың, сөйленер сөздің тұтастығының, сәйкесінше, шешендік өнер туындысы ретіндегі сөйленер сөздің аяқталғандығының міндетті жағдайы. Аталмыш қағидатты орынды ұстану – тыңдаушылардың назарын аудартуға етене ұмтылыс жасауға, нақты жүйеленіп

жинақталған мақсат арқылы тыңдаушылардың ойлағанынан шығуға, ілгері материалды баяндауға кең жол ашуға септесетін сөздің басқы тұсындағы идеяның толысуын жүзеге асыру. Бұның бәрі кіріспеде жүзеге асырылады. Бұдан кейін негізгі бөлімде мақсатқа қол жеткізілгені жөнінде айту міндетті. Мұндай жағдайда сөйленген сөз аяқталған шығарма іспеттес қабылданады.

1-кесте

Шешендік сөз композициясының құрылымдық элементтері

	Элементтердің жұмсалуды	Мақсатты іс-әрекет	Тәсілдер мен құралдар
басы	қабылдауға әзірлеу	зейінді аудару қызығушылығын туғызу тыңдауға мәжбүрлеу сүйкімділік туғызу тәртіптілік	-өзіндік ерекшелік таныту -тың дерек, жағдай, мысал -жағымды кездейсоқтық -юморлы ескертпе -мәлімдеме, сендіру
ой байламы	мәселені қоя білу	өзектілігін көрсету қарама-қайшылықтығын анықтау істің мәнін ұғындыру жаңамен еліктіру	-бірге ұйымдасу тәсілі -кереғар жағдаят -адамдар мен идеялар драмасының мысалы -контрасты салыстыру
баяндау	жоспарды іске асыру	мақсатты түсінуге мүмкіндік беру келешекті болжау бағыт ұстану	-қызығушылықтарына баса мән беру -оқиғаның қысқа сипаттамасы -басты міндетті еске салу
I сауал	нысанды ұстану	тірек ұғымды ашу құрылымды көрсету	-анықтау, бөлу -негізгі схема, сурет
II сауал	шындыққа иландыру	тезисті (идея) негіздеу элементтерге баға беру тезиске қарсыларды теориямен тәжірибемен байланыстыру шешім ұсыну	-дәлелдеме (айғақ) -көзқарастар, пікірлер құрамы -түсінбеушілікті жоққа сынау -эксперимент мәліметтері -көрсетімдік мысалдар -альтернатив, аналогия
III-сауал	нұсқау беру		
Еске салу	ойды түйіндеу	сөз аяғын басқы тұспен байланыстыру мақсатқа қол жеткенін ойдың жүзеге асқанын көрсету әсерді еселей түсу	-проблемаға оралу -ең күшті айғақ -қолдауға шақыру -афоризм, қанатты сөз
Қамту	қорытынды жасау	қорытындыға келу қолдауға ие болу	-жинақтаушы бекітілім -эмоционалды тәсілдер
Тілек	көпшілікті жұмылдыру	міндеттер қою жұмылдыру іс-әрекетке шақыру	-келешегі -шақыру -ұрандар

Әсер етуді үстемелету ұстанымы айғақтардың дәлелдемелік күшінің, сезім мен құлшыныс қуаттарының мәндігін біртіндеп ұлғайта түсуді міндеттейді. М. В. Ломоносовқа сүйене айтсақ, алғашында тыңдаушылардың ақылмен қабылдауына «әзірлеу» керек. Алғашқы минуттарда күшті айғақтар мен бұрқыраған эмоцияларды таныту тиімсіз. Сөйлеу барысында тыңдаушылардың зейіні солғындап төмендей бастағанда, қызығушылық мейлінше күшті дәлелдеме көздерімен және эмоциональдық шегіністермен қыздырылады. Сөз соңында мақсатқа жету үшін аудиторияға психологиялық тұрғыда ұшқын ендіруге қол жеткізу міндетті. Бұл арада ең бір сенімді айғақтар мен әсер етудің психоэмоциональдық тәсілдерін қолдану тиімді. Аталмыш қағидат зейіннің құлдырауы заңдылықтарымен әсер етудің эстетикалық заңдарынан туындайды.

Мейлінше аз мерзім, күш-қайрат және сөйлеу құралдарын жұмсай отырып, максимум тиімділікке қол жеткізу қағидаты шешеннің алға қойылған мақсатқа барынша қарапайым, белгіленген аудиторияға сәйкесті сендіру амалдары мен баяндау схемасына қол жеткізуге ұмтылысын аңғартады.

Педагогикалық жұмыстың бірден-бір сәтті де нәтижелі болуы жоспарланған нәтижелерге жетуде шешеннің де, тыңдаушылардың мүмкіндігінше аз күш-жігер мен уақыт шығындауында. Бұл орайда Аристотель өз тұсында: «... если мы имеем даже самые точные знания, все-таки нелегко убеждать некоторых людей, говоря на основании этих знаний, потому что оценить речь, основанную на знании, есть дело образования, а здесь перед толпою это невозможно. Здесь мы непременно должны вести доказательства и рассуждения общедоступным путем ...» [2, 17-18 б.], – деген.

Ал, енді лекция оқуда көбірек кездесетін композициялық олқылықтар қандай? Біздіңше, бұлар төмендегіше:

- сөз басының болмауы, тақырыпқа шұғыл туралай енушілік пен сөйленген сөздің мезі етер бір қалыпты болуы;
- бір ойдан екінші ойға ауысардағы, бір мәселеден екінші мәселеге өтердегі түсініктілік пен нақтылық болмауы;
- бөлімаралық сәйкесті көлемділіктің бұзылуы (кіріспенің созылықы болуы, негізгі мәселелердің көптігі, қорытындының тым келте қайрылуы);
- теориялық пайымдаулардың басымдылығы мен эмоциональды сергітудің болмауы;
- қорытындыда соңының басымен байланыстың болмауы;
- ой дамуының логикасы сақталмауына сәйкесті пайымдаулардағы бос сөзділік.

Жалпы адамдар теориядан гөрі дерекке (болған оқиғаға, істелген іске) көбірек сенері даусыз. Мәселен, біз өз сөзімізде мүмкін болар салыстыруларды қолдана білсек, онда теориялық идеяны жандандыра отырып, оларды өмірдің өзіндей етуге мүмкіндік туады, ақырында, өзгелерді өз түйіндеу-пайымдауларымыздың дұрыстығына сендіре аламыз.

Біздіңше, лекцияға әзірлік барысында төмендегідей мәселелер турасында ойлану керек-ақ:

1. мақсатқа қол жеткізудегі ең қызғылықты әрі қысқа да нұсқа жол қайсысы екендігі;
2. баяндау барысының қарапайым әрі түсінікті болуы;
3. пайымдаманың аудиторияны еліте еріте алуы.

Осы айтылғандарды жадыда ұстай отырып, лекция композициясына жауап берерліктей, лекциядағы ой ұшығын анықтауға және нақты тезисті жоспар құруға ұмтылған жөн (1-кесте).

Нәтижеде тезисті жоспар мен композицияны байланыстыра отырып, бұларды нақты мысалдармен, айғақ-дәлелдермен толықтыра келе, шешендік мәнерлегіш құралдарды қолдану барысында лекция мәтінінің алғашқы нұсқасы жасалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Толмачев, А. В. Ораторами становятся / А. В. Толмачев. // В кн. «Наука убеждать». – М. : Молодая гвардия. – 1969.

2. Мурашов, А. А. Основы педагогической риторики / А. А. Мурашов. – М. : Мысль 1996. – 281с.

Мазмұны – Содержание

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ АГРОНОМИЯ

Браун Э. Э., Акмунчакова А. А. Управление биологической активностью почв.....	3
Елешев Р. Е., Джубатырова С. С., Нукаева Р. А. Продуктивность зерновых культур в зоне влияния Карачаганакского нефтегазоконденсатного месторождения Западного Казахстана...6.	6
Кожаялиева Р. Ж., Кучеров В. С. Продуктивность кормовых трав в условиях Прикаспийской низменности.....	10
Копытин И. П., Мусина М. К. Сравнительная продуктивность озимой ржи – суданской травы в отдельных посевах и в сочетании их в поукосной системе.....	13
Марс А. М., Денисов Е. П., Шагнев Б. З. Классификация солонцовых земель.....	17
Мусина М. К., Копытин И. П., Есжанова Э. Б. Влияние сроков, нормы высева и глубины заделки семян на урожайность суданской травы при поукосном её возделывании.....	22
Насиев Б. Н., Бекқалиев А. Қ. Батыс Қазақстан облысында құнарлы мал азығын дайындау басымды агротехникалық шара.....	25
Насиев Б. Н., Жаңаталапов Н. Ж., Бекқалиев А. Қ. Батыс Қазақстан облысында жаздық бидай сорттарына қолданылатын егіс алды тыңайтқыштардың өнім мөлшеріне әсері.....	29
Онаев М. К., Кучеров В. С., Кожаялиева Р. Ж. Формирование урожая трав при различных уровнях минерального питания.....	32
Суханбердина Л. Х., Тулегенова Д. К., Суханбердина-Шишулина Д. Х. Жаздық тритикале дақұлының шаруашылық-құнды үлгілері.....	35
Тлепов А. С. Засоренность посевов и урожайность зерновых культур при разных сроках посева и применении гербицидов на залежных землях ТОО «Ізденіс»	41
Уапова А. К. Изменение температуры зерна твердой пшеницы от влажности при хранении.....	47
Шауленова А. Г., Шектыбаева Г. Х., Тулегенова Д. К., Кдиршаева Д. А. Экологическое испытание перспективных сортов и линий картофеля в условиях Западно-Казахстанской области.....	51

ЗООТЕХНИЯ

Абжанов Р. К. Мясная продуктивность, качество мяса бычков и телок различного происхождения.....	55
Алимжанова Л. В., Беккожин А. Ж., Бостанова С. К., Шейко Ю. Н. Молочная продуктивность и естественная резистентность первотелок голштинской породы, ввезенных из Канады.....	59
Аузбаев С. А. Внутриматочное осеменение овец замороженной спермой баранов-производителей....	64
Аузбаев С. А. Замораживание спермы баранов.....	66
Аузбаев С. А. Совершенствование методов воспроизводства овец.....	68
Қалмағамбетов М. Б. Ет өнімділігін арттыру үшін алынған ірі қара будандарының өсу және даму көрсеткіштері.....	71
Косилов В. И., Шкилев П. Н., Никонова Е. А., Газеев И. Р. Особенности роста и развития молодняка овец южноуральской породы	74
Құдайберген Ж., Газизова С. Ш. Батыс Қазақстан облысы «Бірлік» АҚ-дағы етті-майлы қойларды жетілдіру.....	77
Нартбаев А., Асылбекова Э. Б. Повышение конкурентоспособности тонкорунных овец.....	81
Саденова М. К. Результаты подбора грубошерстных коз по масти и содержанию пуха в шерсти...85	85
Салихов А. А., Косилов В. И., Никонова Е. А., Абжанов Р. К. Генотипические особенности и пищевая ценность мясной продукции телок разных генотипов.....	87

Траисов Б. Б., Бозымова А.К., Галимова Г. Г., Исмагулов А. Н. <i>Ақжайық етті-жүнді кроссбредтті қойларының жүнінің негізгі физико-техникалық құрылымы</i>	91
Траисов Б. Б., Бозымова А.К., Галимова Г. Г., Исмагулов А. Н. <i>Ақжайық етті- жүнді жаңа типтегі қойының сүт өнімділігі</i>	94
Укбаев Х. И., Шамекенова Р. Д., Усенов Ж. Т. <i>Сравнительная характеристика кожного-шерстного покрова у баранчиков едильбаевских овец</i>	97
Царенко П. П., Васильева Л. Т., Шабанова С. А. <i>Породные различия качества куриных яиц</i>	100
Шегебаева А. А., Найманов Д. Қ. <i>Қостанай облысы меңдіқара ауданының «Восток-1» ЖШС асыл тұқымды шаруашылығында өсірілетін әулікөл тұқымы жас малдарының жасы, жынысы мен физиологиялық қалпына байланысты тірілей салмағының өзгеруі</i>	103
Шкилев П. Н., Андриенко Д. А., Косилов В. И. <i>Химический состав и биологическая полноценность мяса молодняка овец ставропольской породы</i>	107

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Абирова И. М., Майканов Н. С., Шалменов М. Ш., Поскребышева А. Н. <i>Роль волков (Canis Lupus l.1758) в эпизоотологии и эпидемиологии природноочаговых инфекций и гельминтозов в Западно-Казахстанской области</i>	111
Байқадамова Г. А. <i>Шошқа тілмесінің қазіргі заманғы мәселесі</i>	115
Байсуанова З. К., Джуланов М. Н., Маутенбаев А. А., Джуланова Н. М. <i>К вопросу профилактики генитального инфантилизма и бесплодия у кобыл</i>	117
Булашев Б. К., Турсункулов Ш. Ж., Ибраев Б. К. <i>Результаты эпизоотологического мониторинга по бруцеллезу и туберкулезу в Акмолинской области</i>	121
Днекешев А. К. <i>Анатомо-проекционное и морфометрическое обоснование блокады подбородочного нерва у верблюда-бактриана</i>	123
Днекешев А. К., Валиева Ж. М. <i>Сравнительный опыт прижизненной диагностики телязиоза с применением ретробульбарной блокады у крупного рогатого скота</i>	127
Ермагамбетова С. Е. <i>Антагонистическая активность штаммов эшерихии в отношении возбудителей желудочно-кишечных заболеваний</i>	131
Жұмаш А. С., Ашимова Қ. Қ. <i>Жеке шаруақожалықтарындағы мал туберкулезі және оларды балау</i>	133
Киркимбаева Ж. С. <i>Этиологическая структура лептоспироза животных в хозяйствах Алматинской области и меры борьбы</i>	136
Киркимбаева Ж. С. <i>Критерии отбора штаммов лептоспир для изготовления лептоспирозных биопрепаратов</i>	139
Кушалиев К. Ж., Паритова А. Е. <i>Иммунорфологические изменения в органах и тканях животных при применении вакцин 82 и 82-ПЧ</i>	142
Мурзабаев К. Е., Туменова Э. Н. <i>Пастереллез кезінде қозылардан бөлініп алынған патологиялық материалдарды бактериологиялық зерттеу нәтижелері</i>	146
Мурзалиев И. Дж. <i>Технологические основы содержания и выращивания овец и ягнят при заболеваниях органов дыхания</i>	149
Мустафин Б. М. <i>Профилактика бруцеллеза крупного рогатого скота</i>	152
Мустафин Б. М. <i>Эффективность препарата повышающего резистентность животных в неблагополучном по бруцеллезу хозяйстве</i>	154
Мустафин Б. М. <i>Современное понятие о принципах ликвидации бруцеллеза животных</i>	157
Нұрғалиев Б. Е. <i>Эхинококкозға шалдыққан қой етіндегі микроэлементтер мөлшерінің өзгеруі</i>	161
Сытник И. И., Абулгалин Т. Б. <i>Картографический анализ распространения инфекционных болезней, с использованием ГИС-технологий</i>	164
Тагаев О. О. <i>Распространенность и профилактика мастита у коров</i>	168
Тарасовская Н. Е., Мустафин А. О., Шалменов М. Ш. <i>Использование натуральных растительных и минеральных компонентов в симптоматическом и патогеническом лечении диарией у до</i>	

<i>машиних плотоядных.....</i>	174
Тегза А. А. <i>Анализ качества инкубационного яйца и результатов инкубации яйца, полученного от половозрелых индеек различного возраста.....</i>	181
Туребеков О. Т. <i>К вопросу применения гонадотропных гормонов разного происхождения.....</i>	185
Усенбеков Е. С., Джуланов М. Н., Иманбаев А. А. <i>Генотипирование быков-производителей по типам каппа-казеина методом полимеразной цепной реакции.....</i>	187
Шалабаев Б. А., Абуталип А. А., Керімбаев Н. Ө. <i>Криптококк қоздырғыштарының ерекшеліктері.....</i>	190
Ысқақов А. А. <i>Алматы қаласындағы қаңғыбас иттердің гельминттерінің эпидемиологиялық және эпизоотологиялық маңыздылығы.....</i>	193

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Давлетьяров А. Ш., Бралиев М. К., Нургалиев Л. М. <i>Компоненты, используемые в пластичных смазках в качестве добавок.....</i>	196
Кушеккалиев А. Н. <i>Асимптотические методы определения изгибающего момента в скошенной круговой цилиндрической оболочке.....</i>	200
Кушеккалиев А. Н. <i>Вывод уравнений безмоментной составляющей для многослойных оболочек.....</i>	204
Муканова А. К. <i>Медициналық мекемелерде ақпараттық жүйені өңдеу және енгізудің кейбір аспектілері.....</i>	207
Оразалиев Б. Т. <i>К выбору машин для ухода за оросительными каналами.....</i>	211
Расторгуев В. А., Кухта В. С., Демин Э. А. <i>К вопросу о расчете теплообменника в системе микроклимата животноводческого помещения.....</i>	215

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Джубатыров Р. С. <i>Состояние агропромышленного комплекса в Западно-Казахстанской области.....</i>	222
Джубатырова А. Е. <i>Влияние инновационно-инвестиционного развития на конкурентоспособность продукции.....</i>	227
Заводчиков Н. Д., Бондаренко И. С., Черникова О. Н. <i>Оценка организации инновационного процесса в молочном скотоводстве региона.....</i>	233
Капыржанова А. А. <i>Региональная налоговая политика в системе общегосударственной экономической политики.....</i>	238
Кишкенебаева Ж. Ж. <i>Анализ конкурентоспособности Западно-Казахстанской области как элемента стратегии территориального маркетинга.....</i>	242
Черникова О.Н., Ильясова Е. А. <i>Практические аспекты инвестиционного бизнес-планирования развития спортивных объектов.....</i>	247
Траисова Т.Н., Шаломанова О.Б. <i>Условия выхода казахстанских фирм на иностранные рынки.....</i>	253



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЭКОЛОГИЯ

Ермаханова Ф. Р. <i>Определение критериев экологической маркировки.....</i>	258
Лындина Е. Н., Салихов А. А. <i>Техносферные факторы и источники экологической опасности питания человека.....</i>	262



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ТАРИХ

Балжанова Г. Ж. <i>Батыс алашорда үкіметі қайраткерлері.....</i>	267
---	------------



ФИЛОСОФИЯ

Рысқалиев Т. Х., Есенғалиева В. А., Хайруллина Г. М. <i>Дін: түсінік пен ынтымаққа апаратын жол.....</i>	271
Сапарова Г. Е. <i>Қазақ-орыс қос тілділігі — мәдени-рухани құндылық ретінде.....</i>	275



ПЕДАГОГИКА

Бисалиева Н. С., Есенғалиева Л. Н. <i>Формирование межкультурной компетентности у студентов-переводчиков.....</i>	278
Букесова Р. М., Исакова Ш. Г. <i>Проблема межкультурной коммуникации в изучении иностранных языков.....</i>	282
Ержақыпов М. С., Мұханбетқалиев Ә. С. <i>Жоғары оқу орындарында шешендіктануды оқыту арқылы көшбасшы-студент шешендігін қалыптастырудың психологиялық негіздері.....</i>	287
Қажиақпарова Ж. С. <i>Студенттердің өзіндік жұмысының білім беру үдерісіндегі рөлі.....</i>	289
Мұханбетқалиев Ә. С., Ержақыпов М. С. <i>Орта мектептерге шешендік өнерді оқытудың арнаулы курстарын енгізудің тиімділігі турасында.....</i>	292
Сатыбаева Т. Ж. <i>Использование информационных технологий в учебном процессе лицея.....</i>	294
Сатыбаева Т. Ж. <i>Оқыту процесіндегі мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктері.....</i>	297

<i>Қыдыршаев А. С. Жоғары оқу орны оқытушысының шешен-лектор қалпындағы сөйлер сөзіндегі негізгі тезистің жүйелену аспектілері.....</i>	300
---	------------